



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ



**ЖАСТАРДЫҢ
БИЗНЕС ИДЕЯЛАРЫ**
5,3 мыңнан астам грант пен 4,7 мыңнан астам жеңілдетілген шағын несие беріледі

САЯСАТ



**Қытай форумы:
АУҚЫМДЫ
ЖОБАДАН
АЛАРЫМЫЗ КӨП**

3

4

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY




Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №125 (6418) 19 қазан, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

«Бір белдеу, бір жол»:

ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ИГІЛІК

қазіргі заманның аса күрделі сын-қатерлеріне төтеп бере алады



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халық Республикасына ресми сапары аясында ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен келіссөз жүргізді. Бейжің Тіл және мәдениет университетінің аумағында орта ғасырлық философ, ғалым Әбу-Насыр әл-Фарабиге арналған бюстті салтанатты түрде ашты. «Бір белдеу, бір жол» халықаралық ынтымақтастығының III форумының ашылу рәсіміне қатысып, сөз сөйледі.

«Бір белдеу, бір жол» жобасына қатысушы мемлекеттердің бастамалары арқасында Азия, Еуропа және Африканың 150-ден астам елі тарам-тарам теміржолдар желісі, жоғары жылдамдықты күре жолдар және теңіз жолдары арқылы байланыс жасап отыр. Бұл жоба әлем экономикасының жылдам құбылып тұрған жағдайында қазіргі заманның аса күрделі сын-қатерлеріне тиімді төтеп бере алатын және мемлекеттеріміз үшін жалпыға ортақ игілікке айналды. «Бір белдеу, бір жол» Ұлы Жібек жолы ренессансына тың серпін берді десек, артық айтқанымыз емес. Сондықтан Қытайдың бұл бастамасы – XXI ғасырдың мегажобасы. Бұл – әділ баға».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

2

МЕРЕКЕЛІ АЛМАТЫ

РЕСПУБЛИКА КҮНІ

мегаполисте қалай тойланады?

Алматыда Республика күніне арналған іс-шаралар 20 қазан күні сағат 11.00-де Мемлекеттік қуыршақ театрындағы «ALMATY PUPPET FESTIVAL» I Халықаралық қуыршақ театрлары фестивалінің салтанатты ашылуымен басталады. Фестиваль 24 қазанға дейін жалғасады, жас көрермен үшін Қазақстанның түкпір-түкпірінен, сонымен қатар, алыс-жақын шетелдерден – Өзбекстан, Польша, Болгария, Грузия, Түркиядан келген театр ұжымы өнер көрсетеді.

Республика күнін тойлау аясында қалада бірқатар іс-шара өтеді:

– 21 қазан, сағат 10.00-де қаланың барлық ауданында еріктілер фронт кеңсесімен бірлескен «Жаңа Қазақстан. Таза табиғат» экологиялық сенбілігі өтеді. Сенбілік аясында қала аумағын тазарту, рекреациялық аймақтарды, саябақтарды, скверлерді, аула аумақтарын жинау, сонымен бірге жаппай ағаш отырғызу жоспарланған.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

– 23 қазан, сағат 15.00-де «Алатау» дәстүрлі өнер театрында дәстүрлі әншілердің қатысуымен «Байтақ елім, Қазақстан» патриоттық мерекелік концерті өтеді. Сонымен қатар, Жамбыл атындағы филармонияда этномәдени бірлестік шы-

ғармашылық ұжымдарының қатысуымен концерт өтеді.

– 24 қазан, сағат 10.00-де Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында мемлекеттік наградалармен марапаттау рәсімі өтеді.

6

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

19.10.2023

Түнде:



+7+9 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

20.10.2023

Түнде:



+8+10 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+19+21 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

www.almaty-akshamy.kz





РЕСМИ САПАР

«БІР БЕЛДЕУ, БІР ЖОЛ»:

ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ИГІЛІК

қазіргі заманның аса күрделі сын-қатерлеріне төтеп бере алады

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытай Халық Республикасына ресми сапары Төраға Си Цзиньпинмен келіссөз жүргізуден басталды. Қытай елінің басшысы Қазақстан Президентін Бейжіңдегі Халық жиналысы үйінде қарсы алды. Мәртебелі мейманның келуіне орай Құрмет қарауылы сап түзеп тұрды. Содан кейін мемлекеттер басшылары өз делегацияларымен бірге Үлкен шығыс залында келіссөз жүргізді.

Мәңгілік стратегиялық серіктестік

Қасым-Жомарт Тоқаев жан-жақты әрі мәңгілік стратегиялық серіктестікке негізделген қазақ-қытай қатынастары қарқынды дамып келе жатқанына назар аударды.

— Біз барлық бағыт бойынша тиімді мемлекетаралық ықпалдастықты жолға қойдық. Сіздің бытыр қыркүйек айында Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапарыңыз өзара байланыстардың барынша нығайтуына тың серпін берді. Сапар аясында елдеріміз арасындағы ынтымақтастықтың жаңа «алтын 30 жылдығы» басталды. Мемлекеттеріміз арасындағы сауда-саттық табысты дамып келеді. Айтарлықтай өсім бар. Инвестицияның жалпы көлемі 21 миллиард доллар болатын 52 бірлескен жоба жүзеге асырылып жатыр.

2024 жыл Қытайда Қазақстан туризмі жылы болып жарияланды. Бұл осы сала үшін мол мүмкіндіктерге жол ашады. Өзара мәдени-гуманитарлық байланыстар үшін қолайлы жағдай жасалуда. Мемлекетаралық қарым-қатынастарды мүлдем жаңа деңгейге шығару үшін Қазақстанның да, Қытайдың да орасан зор әлеуеті бар деп санаймын. Осы мүмкіндікті пайдаланып, құрметті Төраға Си Цзиньпин, Сізді келесі жылы Қазақстанда мемлекеттік сапармен келуге шақырамын, — деді Президент.

Өз кезегінде ҚХР Төрағасы орнықты әрі қарқынды қазақ-қытай қатынастары екі ел арасындағы өзара сенімді нығайтып, бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдау ісінде батыл әрекет етуге септігін тигізетінін айтты. «Халықаралық жағдайдың қалай құбылатынына қарамастан, Қытай мен Қазақстан өздерінің бастапқы ұстанымдарынан айнамай, бір-біріне жәрдемдеседі. Елдеріміз арасында достық қатынастар орнаған жылдар ішінде біз мәңгілік әрі жан-жақты стратегиялық серіктестік қалыптастыра алдық. «Бір белдеу, бір жол» жобасын 10 жыл бұрын Қазақстанда көтерген едім», — деді Си Цзиньпин.

ҚХР Төрағасының айтуынша, Қытай Қазақстанның егемендігі мен аумақтық тұтастығын, сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформаларды толықтай қолдайды.

Келіссөз барысында тараптар сауда-экономика, мұнай-газ, мұнай химиясы, энергетика, қаржы, көлік-транзит, атом өнеркәсібі, машина жасау, туризм, электронды коммерция және жоғары технология салаларындағы жан-жақты ықпалдастықты дамыту мәселелерін талқылады. Мемлекеттер басшылары бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, сондай-ақ мәдениетаралық байланыстарға жағдай жасау маңызды екеніне назар аударды. Халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Си Цзиньпиннің келіссөзі нәтижесінде екі елдің делегация мүшелері бірқатар маңызды құжаттарға қол қойды.

Әлемдік ақыл-ойдың құнды қазынасы

Мемлекет басшысы өзі білім алған Бейжің Тіл және мәдениет университетінің аумағында орта ғасырлық философ, ғалым Әбу Насыр Әл-Фарабиді арналас бостік салтанатты түрде ашу рәсіміне қатысты.

Президент Әл-Фарабидің әлемдік өркениетке қосқан зор үлесіне айрықша тоқталды.

— Баршаңызға мәлім, Әл-Фараби — Шығыстың ұлы ойшылы, оның әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесі орасан зор. Әл-Фараби Қазақстан аумағында туып-өсті, білім іздеп



көптеген елге барды. Математика, жаратылыстану, астрономия, филология және басқа да бірқатар ілімді дамытуға зор еңбек сіңірді. Адамзаттың дамуына өлшеусіз үлес қосты. Ол философиялық туындыларында әділдік идеясына ерекше назар аударды. Қайырымды қоғам және үйлесімді мемлекет құру мәселесіне баса мән берді. Адамгершілік пен рухани құндылықтарды дәріптеді. Ғалым музыка және каллиграфия өнерін зерделеді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы энциклопедиялық деңгейдегі, яғни жан-жақты білімі бар Әл-Фарабиді замандастары Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» деп атағанына назар аударып, ғұлама ғалымның еңбектері әрдайым өзекті, мән-мағынасын жоғалтпайтынын атап өтті.

— Оның шығармалары — әлемдік ақыл-ойдың алтын қорына қосылған құнды қазына. Әл-Фарабидің 1150 жылдығы ЮНЕСКО-ның атаулы күндерінің жаһандық тізіміне енгізілді. Біз 2020 жылы осы мерейтойды ерекше атап өттік. Халықаралық ғылыми симпозиумдар, конференциялар ұйымдастырылды. Монографиялар мен жинақтар басып шығарылды. Деректі фильмдер түсірілді. Мұның бәрі Әл-Фарабидің еңбектерін терең түсінуге мүмкіндік береді, оның мол мұрасын жан-жақты насихаттауға жол ашады. Енді Қытай ғалымдары мен жастарына философ жайлы бірқатар ғылыми еңбектер қол жетімді болады. Осы құнды деректермен, ең алдымен, Бейжің Тіл және мәдениет университетінің оқытушылары мен студенттері таныса алады. Бұл — қуантарлық жайт. Мен де кезінде осы оқу орнында тура қырық жыл бұрын білім алдым. Сондықтан бүгін Әбу Насыр Әл-Фарабидің мүсінін ашу — мен үшін зор мәртебе, — деді Президент.

Іс-шара соңында Президент Тіл және мәдениет университетіне Әбу Насыр Әл-Фарабидің портретін сыйлап, осы оқу орнында білім алып жатқан қазақстандық студенттермен әңгімелесті.

Ынтымақтастықтың ірі платформасы

Қазақстан Президентінің Бейжіңге ресми сапарының екінші күні «Бір белдеу, бір жол» халықаралық ынтымақтастығының III форумының ашылу рәсіміне қатысудан басталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде қазіргі геосаяси жағдайда «Бір белдеу, бір жол» бастамасы қажетті халықаралық жобаға және ынтымақтастықтың ірі платформасына айналғанын тілге тиек етті. Аталған бастаманың елдер арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуға, тату көршілік қатынастарды, достық пен өзара түсіністікті нығайтуға елеулі үлес қосатынына тоқталды. Қазақстанның жетістіктері жөнінде айтты.

— Бүгінде Қытайдан Еуропаға жасалатын жерүсті транзиттік тасымалдың 85 пайызға жуығы Қазақстан аумағы арқылы өтеді. Көлік-транзит саласының дамуына баса мән бере отырып, соңғы 15 жылда біз осы мақсаттарға 35 миллиард доллардан астам қаражат бөлдідік. Ляньюньгандағы қазақ-қытай логистикалық орталығы, «Қорғас» құрғақ порты, Батыс Еуропа — Батыс Қытай транзиттік магистралі, Қытайдан Иранға баратын теміржол дәлізі сияқты ірі инфрақұрылымдық жобалар іске қосылды. Біз мұнымен

тоқтап қалмаймыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті үш жыл ішінде 1300 шақырым жаңа теміржол жол салуға, Қытаймен шекарада үшінші теміржол өткізу пунктін ашуға, «Бақты» және «Қалжат» жаңа құрғақ порттарының құрылысына қатысты жоспарын ортаға салды. Бұл — Қазақстанның ірі экономикалық жобалары Қытайдың жаһандық бастамасымен ұштасатынын анық көрсетеді. Аса ірі жоба — Транскаспий халықаралық көлік бағыты Қытайды, Орталық Азияны және Еуропаны байланыстыратын «Бір белдеу, бір жол» бастамасының құрлықтағы көпіріне айнала алады. Сол арқылы жүк тасымалдау мерзімін екі есе қысқартуға және көлік шығындарын айтарлықтай төмендетуге ықпал етеді.

— Қазақстан мен Қытай арасында Транскаспий бағытын дамыту жөніндегі үкіметаралық екі келісімге қол қойылды. Жуық арада бұл келісімдер айтарлықтай нәтиже беретініне сенімдімін. Күш-жігерімізді тиімдірек үйлестіру үшін Ірі стратегиялық порттардың, логистикалық орталықтардың және пошта хабтарының серіктестік желісін құруды ұсынамын. Сонымен қатар, кемелер мен контейнерлердің бірлескен өндірісін жолға қоюға мүдделіміз. Қазақстан жолдаушылар мен жүктерді тұрақты тасымалдау ісін қамтамасыз ете отырып, әлемнің жетекші әуе компаниялары үшін сенімді әуе көпірі және ыңғайлы айлақ болуға дайын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ли Цян,
ҚХР Мемлекеттік кеңесінің Премьері:

ДАМУДЫҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙІ

Қазақстан мен Қытай халықтарын ғасырлар бойғы достық қатынастар біріктіреді. Биыл мамыр айында Қытай теледидарына берген сұхбатыңызда Сіз біздің елімізде білім алған және жұмыс істеген кездегі естеліктеріңізбен бөлісіп, қытай тілін жетік білетін адам ретінде біздің аудиториямызды баурап алдыңыз. Мен де сұхбатты көрдім. Бұл елдеріміз арасындағы достықты нығайтуға тың серпін берді деп ойлаймын. Сіздің Төраға Симен кездесуіңіздің қорытындысы бойынша маңызды уағдаластықтарға қол жеткізілді. Олар мемлекеттеріміз арасындағы қарым-қатынастың жаңа «алтын 30 жылдығы» кезеңіне бағыт-бағдар береді. Қытай тарапы әріптестеріңізбен бірге жоғары деңгейде қол жеткізілген осы уағдаластықтарды жүзеге асыруға, ғасырлар бойғы достық байланыстар мен өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуға дайын.

Чжао ЛЭЦЗИ,
Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитетінің төрағасы:

ТАБЫСТЫ КЕЛІССӨЗДЕР

Қазақ-қытай қатынастары қарқынды дамып келеді. Қазақстан Президентінің сапары барысында Қытай тарапымен табысты келіссөздер жүргізілді. Екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік одан әрі бекиді, өзара тиімді ынтымақтастық дамиды және екіжақты қатынастар жаңа деңгейге көтеріледі. Қазақстан мен Қытайдың парламентаралық қатынасының жоспарлы түрде нығайтуы оң бағалаймын. Сондай-ақ, кең көлемдегі екіжақты ынтымақтастық табысты дамуда.

Ван ХУНИН,
Халықтық саяси консультативтік кеңесі Бүкілқытайлық комитетінің төрағасы:

ҚАРҚЫНДЫ ДАМУ, ЗОР ЖЕТІСТІКТЕР

Қазақстан қарқынды дамып, тұрмыс деңгейі ұдайы жоғарылап келеді. Бұл — таңғаларлық нәтиже. Бүгін Сіз «Бір белдеу, бір жол» III форумының ашылу рәсімінде өте мазмұнды сөз сөйлеп, ынтымақтастыққа қатысты бірқатар маңызды ұсыныс айттыңыз. «Бір белдеу, бір жол» аясындағы стратегиялық серіктестіктің 10 жылында барлық тараптың ортақ күш-жігерінің арқасында біз зор жетістіктерге қол жеткіздік. Сіз Си Цзиньпин мырзамен ұдайы тығыз байланыста болып, көптеген кездесу өткіздіңіз. Сонымен қатар, сіздер қазақ-қытай қатынастарының жаңа «алтын 30 жылдығын» бастап бердіңіздер. Қытай тарапы екі ел басшылары қол жеткізген маңызды уағдаластықтарды жүзеге асыру жолындағы ынтымақтастықты бірлесіп ілгерілетуге дайын.

«Цифрлық Жібек жолы» — жаңа жаһандық жоба

Мемлекет басшысының пікірінше, жаңа жаһандық жоба саналатын «Цифрлық Жібек жолы» бастамасы аясындағы серіктестік мол мүмкіндіктерге жол ашады.

— Цифрлық және зияткерлік ықпалдастықтың жаңа моделін құру экономикамыздың инновациялық тұрғыда дамуына елеулі үлес қосатынына сенімдімін. «Бір белдеу, бір жол» бастамасының жаңа онжылдығында Қазақстан ортақ табысқа жетуге жан-жақты атсалысуды жалғастырады, — деп қорытындылады сөзін Қасым-Жомарт Тоқаев.

• Форумда Қытай Төрағасы Си Цзиньпинь, Ресей Президенті Владимир Путин, Индонезия Президенті Джоко Видодо, Аргентина Президенті Альберто Фернандес, Эфиопия Премьер-министрі Абий Ахмед, БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш сөз сөйледі. • Форумға қатысуға 20-дан астам мемлекеттің басшылары және 130-дан аса ел мен халықаралық ұйымдардың өкілдері келді.

Бейжіңге ресми сапар аясында Қазақстан Президенті сонымен бірге ҚХР Мемлекеттік кеңесінің Премьері Ли Цянем, Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитетінің төрағасы Чжао Лэцимен кездесті. Қытайдың Халықтық саяси консультативтік кеңесі Бүкілқытайлық комитетінің төрағасы Ван Хунинмен келіссөз жүргізді. SINOPEC компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Ма Юншэнді, YTO Express Co., Ltd компаниясының басқарма төрағасы Юй Хуэйцзяоны, CITIC Group компаниясының басқарма төрағасы Чжу Хэсиньді қабылдады. Тараптар қазақ-қытай қатынастарына жоғары баға берді.

БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халық Республикасына ресми сапары аясында Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының орталығы Үрімжі қаласына барды.

Қазақстан Президенті Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы ҚКП хатшысы Ма Синжуймен кездесу өткізеді деп жоспарланып отыр. Кездесу барысында аймақтық ынтымақтастықтың өзекті мәселелері талқыланады.



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

ЖАСТАРДЫҢ
БИЗНЕС
ИДЕЯЛАРЫ

Бұл мақсатқа 5,3 мыңнан астам грант пен 4,7 мыңнан астам жеңілдетілген шағын несие берілді

Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова халықты жұмыспен қамту шараларына қатысты. Мемлекет басшысының бірқатар тапсырмаларын орындау барысымен таныстырды.

Жұмыспен қамтудың негізгі бағыттарының бірі – азаматтарды еңбек биржасында жарияланған бос жұмыс орындарымен қамтамасыз ету. Тоғыз айдың қорытындысына сәйкес 228,7 мың адам жұмыс берушілермен жарияланған бос жұмыс орындарына орналастырылған. Олардың 62%-ы ауыл және балық шаруашылығы, құрылыс және өндіріс, білім, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету салаларында жұмыспен қамтылып отыр. Тұрақты жұмысқа жолданған азаматтардың 46%-ы – жастар.

Негізгі бағыттардың тағы бірі Мемлекет басшысының бастамасына сәйкес жүргізіліп отырған өңірлерде тұратын әрбір 10 мың халыққа 100 жаңа жұмыс орнын ашу жөніндегі тапсырмасы аясында тіркелген 212,9 мың кәсіпкерлік субъектілеріне 278,5 мыңнан астам азамат жұмысқа орналасты.

Ұлттық жобалардың келесі бір бағыты – мемлекет тарапынан субсидияланатын жұмыс орындарын құру арқылы азаматтарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу. Бұл бағыттағы жалпы жоспарлы көрсеткіш республика көлемінде орындалды. Қазір субсидияланатын жұмыс орындарына қамтылған 181,5 мыңнан астам азаматтың 44%-ын жастар құрап отыр. Жалпы жұмыспен қамтылған азаматтардың 50%-ы (365,8 мың) 35 жасқа дейінгі жастар.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Светлана ЖАҚЫПОВА,
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі:

ЖАСТАРҒА ШАҒЫН НЕСИЕ
БЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ
БАСТАЛДЫ

Жалпы Өңірлік жұмыспен қамту карталары аясында биылғы жылға 947 мыңнан астам азаматты жұмыспен қамту шаралары көзделген. 9 айдың қорытындысына орай жалпы 734 мың адам жұмысқа тартылды, бұл жылдық көрсеткіштің 77%-ын құрап отыр. Олардың ішінде жастардың үлесі 50%-ға жетіп отыр. Ұлттық жобалар аясында 45 мыңнан астам жаңа жұмыс орындары құрылды. Жұмыс орындарының басым көпшілігі «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» (13 098), «Кәсіпкерлікті дамыту» (11 849), «Агро-өнеркәсіп кешенін дамыту» (6 354) Ұлттық жобалары аясында ашылып отыр. Бүгінде Ұлттық жобалар аясында жұмысқа орналасқан азаматтардың 45%-ы (20 573 адам) жастар және 1961 адам мүгедектігі бар азаматтардың қатарында.

Қазақстан Республикасының Көші-қон саясатының жаңа тұжырымдамасына сәйкес қоныс аудару механизмы қайта қаралды. Еңбек күші артық өңірлерден қоныс аударуды ынталандыру үшін жаңа жердегі тұрғын үй құнының 50% мөлшерінде қаржылық көмекке құқық беретін Ұтқырлық сертификаттарын енгізілді. Осыған орай қазіргі таңда 7,5 мың адам солтүстік және шығыс өңірлерге қоныс аударды немесе жылдық жоспардың 87%-ы орындалды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жастарға шағын несие беру жұмыстары басталды. Қазіргі таңда, 7116 өтінім қабылданып, олардың ішінде 21,3 млрд теңге көлемінде 4734 адамға шағын несие берілді. Одан басқа, 418 азаматтың бизнес-жобасы өңірлік комиссиялардың, 637 азаматтың өтінімі өңірлік Агрокредиттік корпорациясы филиалдарының қарауында. Бұл бағыттағы жұмыс бекітілген алгоритмге сәйкес жүргізіліп келеді.

ПРОТОН ТЕРАПИЯСЫ

заманауи Ұлттық ғылыми онкологиялық орталық ашылады

Қазақстан Орталық
Азияда алғашқы болып
онкологиялық науқастарға
протон терапиясын жүргізе
бастайды.

Келесі жылы Астанада заманауи жоғары технологиялық құрылғылармен жабдықталған жаңа Ұлттық ғылыми онкологиялық орталық (ҰҒОО) ашылады. ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайылов құрылыс барысымен танысты.

Жаңа орталық – бюджеттік инвестициялық жоба, оны жүзеге асыру үшін Швейцарияның және АҚШ-тың халықаралық жетекші компаниялары тартылған. Бүгінде құрылыс жұмыстары 90%-ға орындалды, атап айтқанда, сәулелік және ядролық медицина орталықтары, протондық терапия орталығы, әкімшілік және техникалық блоктары бар 210 төсек-орынды емдеу-диагностикалық корпус салынды.

Сонымен қатар, су, жылу және электрмен қамтамасыз ету қалалық инженерлік желілерге қосылып, кабинеттер мен палаталарды әрлеу жұмыстары аяқталды. Қазіргі уақытта медициналық жабдықтарды жеткізу, іске қосу-жөндеу және сынақтан өткізу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Ұлттық ғылыми онкологиялық орталықтың басшысы, онколог Санжар Шалекеновтің айтуынша, жылына 6 мың науқасқа қызмет көрсететін жаңа емдеу мекемесінде радионуклидті диагностика, радиофармацевтикалық препараттар шығару және радионуклидтік терапия жүргізу жоспарланған. Бұл ретте мекемеде пост-кеңестік кеңестіктегі алғашқы протон орталығы жұмыс істей бастайды. Орталықта жылына 800-1000 науқас ем алады.

– Бізде радио-сәулелік емдеу қарастырылған. Ол бес аппаратпен ұсынылған: біреуі контактілі сәулелік терапияға, екіншісі контактісіз емдеуге арналған. Бұл – Edge, Turbine және Ethos сияқты құрылғылар.

Олардың кейбіреулері Қазақстанда алғаш рет таныстырылып отыр. Бізде онкогематология орталығы да қарастырылған. Мұнда сүйек кемігін трансплантациялауға арналған 15 төсек-орын бар. Бұл – барынша стерильді, таза бөлмелер, онда жылына 180-ден 200-ге дейін трансплантация жасау жоспарланған. Осылайша, біз республика бойынша мұқтаж науқастардың үштен бір бөлігін қамтуға мүмкіндік аламыз, – деді Санжар Шалекенов.

Орталық басшысы ҰҒОО-ның екінші блогы ғылыми-білім беру орталығы болатынын айтты. Сонымен қатар, мұнда 140 төсек-орынды аурухана, үш операциялық бөлме және үлкен диагностикалық емхана орналасады.

Жаңа медициналық орталықты аралау барысында Премьер-министр елімізде жыл сайын 37 мыңнан астам катерлі ісік ауруы тіркеліп, 13 мыңнан астам адам қайтыс болатынын атап өтті. «Жағдайды жақсарту үшін біз Астанада Ұлттық ғылыми онкологиялық орталық құрып жатырмыз. Бұл – күрделі нысан. Оның халықаралық стандарттарға сай болуы үшін құрылысқа тиісті тәжірибесі бар халықаралық компания тартылды», – деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысы денсаулық сақтау министрлігіне бас мердігермен бірлесіп, 2024 жылдың 1 тамызына дейін протонды терапия орталығын іске қоса отырып, нысанды пайдалануға беруді тапсырды.

● БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

ЗАМАНАУИ СӘУЛЕЛІК ЕМ АЛУ МҮМКІНДІГІНЕ ИЕ БОЛАДЫ

Естеріңізге сала кетейік, биылғы қазан айының басында Әлихан Смайылов Үкіметтің 2023–2027 жылдарға арналған онкологиялық аурулармен күрес жөніндегі кешенді жоспарды бекіту туралы қаулысына қол қойған болатын. Құжат Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында әзірленіп, ҚР онкологиялық қызметін кешенді жаңғыртуға бағытталған. Бұл жоғары тиімді ерте диагностиканы енгізуді, мамандандырылған емдеу мен онкопатология дамытуды, сондай-ақ кадрлық әлеует пен ғылымды нығайтуды көздейді. Әр өңірде соңғы үлгідегі қондырғыларды орнату арқылы науқастар әлемдік стандарт деңгейінде заманауи сәулелік ем алу мүмкіндігіне ие болады деп күтілуде. Бұл ретте қажетті дәрі-дәрмектерге қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ

2024 жылы Қазақстанда пилоттық режимде басталады

Мемлекет басшысының
тапсырмасын орындау
мақсатында 2025 жылы
Қазақстанда қалалар мен
ауылдардағы ауыл
шаруашылығы кәсіпорындары,
шаруа, фермер қожалықтары,
жеке қосалқы шаруашылықтар,
сондай-ақ бау-бақша және
саяжай кооперативтерінің
толық санағы өткізіледі.

Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғариннің төрағалығымен Үкіметте өткен кеңесте ауқымды іс-шараға дайындық барысы талқыланды.

Аграрлық сектордың жай-күйі туралы статистикалық ақпараттың сапалы және объективті болуы үшін БҰҰ ФАО ұсынымдарына сәйкес елдер ауыл шаруашылығы санақтарын әр 5–10 жыл сайын өткізіп отырады. Қазақстанда алғашқы ұлттық санақ 2006-2007 жылдары өтті.

Қалаларда нысаналы көрсеткішті анықтау үшін саяжай учаскелері мен жеке қосалқы шаруашылықтарды алдын ала аралау

жоспарланған. Есепке алу күні (біржолғы санақ күні) – 1 тамыз, егіс алқаптары 2025 жылғы егінге бөлінген алқаптарды ескере отырып айқындалатын болады.

Санақ жүргізу кезінде «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» АЖ, жер бойынша Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүліктегі кадастры (ЖМБМК), ауыл шаруашылығы техникасы бойынша «Ауыл шаруашылығы техникасының мемлекеттік тізілімі» АЖ (АТМТ), субсидиялау бойынша «Субсидиялаудың бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйесі» АЖ (СБМАЖ) әкімшілік деректерін пайдалану жоспарланып отыр.

Санақ сауалнамаларын, әдіснаманы, ақпараттық жүйелерді сынақтан өткізу, даладағы жұмыстарды жүргізу, бюджетті, интернетпен қамту сапасын бағалау және ақпараттық жүйелердің интернетсіз жұмыс істеуі үшін 2024 жылғы тамызда барлық өңірде пилоттық зерттеу жүргізіледі. Оның қорытындысы бойынша әкімшілік деректердің сапасын, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің дайындығын және санақтың негізгі кезеңінде әкімшілік деректерді пайдалану мүмкіндігін бағалауды қоса алғанда, анықталған проблемалар туралы есеп жасалады.

Кеңес қорытындысы бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Серік ЖҰМАНҒАРИН,
ҚР Премьер-министрінің орынбасары:

СЕНІМДІ ДЕРЕКТЕРСІЗ САПАЛЫ
ЖОСПАРЛАУ ҚИЫН

Бізге ауыл шаруашылығының жай-күйі туралы толық және объективті ақпарат алу керек. Сенімді деректерсіз саланың дамуын сапалы жоспарлау өте қиын. Қазірдің өзінде барлық қажетті үдерісті бастап, 2025 жылы сапалы санақ жүргізу үшін жұмыстағы қателіктер мен кемшіліктерді анықтау керек.

жұмысын үйлестіру және ұлттық ауыл шаруашылығы санағын дайындау мен өткізуге байланысты туындайтын барлық мәселені шешу үшін Премьер-министр орынбасарының басшылығымен республикалық арнайы комиссия құру тапсырылды. Өңірлерде де осыған ұқсас комиссиялар құрылатын болады. Комиссияның жұмыс органы болып Ұлттық статистика бюросы анықталды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: primeminister.kz).

САРАПТАМА

ҚЫТАЙ ФОРУМЫ:

АУҚЫМДЫ ЖОБАДАН АЛАРЫМЫЗ КӨП

Ел болашағы үшін бұл ресми сапардың маңызы зор

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Бейжіңге екі күндік ресми сапары табысты болды. Онда Қазақстан Президенті Қытай басшысы Ши Жиньпинмен (Си Цзиньпин) және өзге де жоғары лауазымды тұлғаларымен кездесті. Бірқатар қытайлық ірі компания өкілдерін қабылдады. Сондай-ақ, «Бір белдеу, бір жол» халықаралық ынтымақтастығының III форумына қатысты. Әрине, қазіргі халықаралық жағдайдан қарағанда, сырт көзге форумның саяси сипаты басым көрінуі мүмкін. Бірақ біздің ұлттық мүддеміз тұрғысынан аталмыш халықаралық жобаның да, кезекті форумның да экономикалық маңызы басымырақ. Әрі ел болашағы үшін кезекті ресми сапардың маңызы тіптен бөлек. Олай дейтініміз, бұл жолы қол қойысқан 24 келісім қатарында біздің экономикалық дамуымызға тікелей әсер ететін бастамалар да бар. Сондықтан да Қытайдағы халықаралық форумның жай-жапсарын, келісімдердің бағыт-бағдарын нақтылай кетуге тура келеді.

Жоғары дипломатиялық ілттипат нышаны

Қытайдағы халықаралық форум қарсаңында сол елге ең erte жеткен мемлекет басшыларының бірі – Қазақстан Президенті болды. Себебі, халықаралық форумға қатысудан тыс қазақ делегациясының өзіне жүктеген аса маңызды міндеттері де бар еді. Қазақстан Қытай үшін жоғары дипломатиялық байланысқа ие тату көршісі, әрі халықаралық жобаданғы маңызды серіктесінің бірі. Астанамен қарым-қатынасқа баса мән беретінін Бейжің тарапы күтіп алу кезіндегі сән-салтанатты іс-шараларымен, ресми кездесулерлердегі жылы лебіздерімен аңғартты. Сап түзеген салтанатты құрмет қарауылынан тартып, самалмен теңселген гүл алқабындай бишілердің қойылымы жоғары дипломатиялық ілттипаттың нышаны болды.

Бейжіңдегі Халық жиналысы үйінде Қытай басшысы Қазақстан Президентін сыралғы көне досы ретінде ілттипатпен күтіп алды. Әрі келіссөз отырысы барысында Қазақстанның егемендігі мен тұтастығына қатысты маңызды ұстанымдарын қайталады. Қытай басшысы сөзінде «халықаралық жағдайдың аумалы төкпелілігіне қарамастан» Қазақстанның егемендігі мен аумақтық тұтастығына қолдау көрсететінін жеткізді. Президент Тоқаев та өз кезегінде екі елдің жан-жақты стратегиялық серіктестік қарым-қатынасының барған сайын дамып келе жатқанына баса мән бере сөйледі.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев өзі бастаған делегациямен бірге ҚХР Мемлекеттік кеңесінің премьері Ли Цянмен, Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитет төрағасы Чжао Лэцзимен кездесу өткізді.

Сонымен қатар, Қытай сапарының негізгі міндеттері аясында қытайлық бірқатар ірі компанияларының жетекшілерімен кездесіп, келісімдер жасасты.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Бейжіңдегі сапарының тағы бір мазмұнды бөлігі – Бейжің Тіл және мәдениет университетінде жалғасты. Онда Әбу Насыр Әл-Фарабидің бюстін ашып, өзінің бұрынғы тәлімгерімен жүздесті. Бұл іс-шара да Астана мен Бейжіңнің дипломатиялық қарым-қатынасының тың дастаны болып қалды.

Келіссөздер мен келісімдер

Бұл жолғы келіссөздер нәтижесінде 30 коммерциялық құжатқа қол қойылды. Келісімдердің жалпы құны 16,54 миллиард долларды құрайды. Қол жеткізген келісімдердің басым бағыты – мұнай өңдеу өндірісі, кен өнімдерін барлау және ашу, сондай-ақ, жол-логистикалық әлеуетті арттыру бағдарларын кездейді. Бұған дейін біз Еуропа сынды үлкен нарықтың Қазақстандағы және жалпы Орта Азиядағы табиғи ресурстарға, соның ішінде энергетика қорына айрықша мүдделі болып отырғанын білеміз. Дегенмен, алып нарықтық қажеттілігін толық қамтамасыз етуге Қазақстанның әлеуеті дайын болмай келеді. Сондықтан қытайлық ірі компаниялармен осы бағытта тиімді келісімдер жасасу маңызды.

«Аягөз – Тачэн» теміржолын салу жобасын айрықша атай кету керек. Қытай ұсынған «Бір белдеу, бір жол» жобасының құрлық арқылы Еуразияны жалғайтын экономикалық желілерінде Қазақстанның рөлі айрықша. Дегенмен, соңғы уақыттарда Үндістан мен Ресейді жалғайтын немесе Қытайдан Еуропаға



Қазақстаннан тыс өтетін тасымал дәліздері, теміржолдар халықаралық маңызды жобаданғы үлесімізді қысқарту қаупін тудырған. Қытайдың ең батыс шекарасындағы Шәуешек қаласы мен Аягөзді жалғайтын жаңа теміржол жобасы Қазақстанның аймақтағы транспорттық әлеуетін жаңа деңгейге, тіпті теңдессіз орынға көтеруі мүмкін. Бұл аймақтың солтүстік бағытындағы тасымал мүмкіндігін жоғарылатып, Қытайдан Еуропаға бағытталған тауар тасымалының Қазақстаннан өтетін көлемін көбейтеді.

Аталмыш жоба еліміздің аймақтағы транспорттық табысын жоғарылатумен бірге, Шығыс Қазақстан мен Абай облыстарының да әлеуметтік-экономикалық өсіміне өзіндік ықпал ететін болады. Бұл жоба арқылы біз оңтүстіктегі көршілерімізбен бәсекеде тағы бір қадам алдыға түсе алатынымыз және бар.

«Бір бедеу, бір жол» бастамасы: 1 триллион АҚШ доллары

Қытайда өткен «Бір белдеу, бір жол» халықаралық ынтымақтастығының III форумы аталған ауқымды жобаның 10 жылдығын атап өтті. Көзіқарақты жұртқа мәлім, бұдан 10 жыл бұрын Қытай басшысы «Бір белдеу, бір жол» жобасын алғаш рет Астана сапары кезінде ұсынған еді. Оның да өзіндік тарихи символдық мәні бар. Бейжің әу бастан аталмыш жобада Қазақстанның айрықша маңызға ие екенін мойындаған. Турасында, Қазақстанның табиғи

географиялық мүмкіндігінің өзі де Қытаймен арадағы дипломатиялық байланыстарда ескермей келе жатқан артықшылықтарымыздың бірі.

«Бір бедеу, бір жол» бастамасына қазірге дейін шамамен 1 триллион АҚШ доллары көлеміндегі қаржы жұмсалған. Әлемнің көптеген елінде электр станциялары, жолдар, теміржолдар мен порттар секілді инфра-құрылымға инвестиция салу арқылы Қытай да өзінің саяси-экономикалық ықпалын тереңдетуге тырысты. Бұл бір жағынан, оның батыстық бәсекелестері үшін үлкен сын-қатерді де ұсынғаны анық. Сондықтан Қытайдағы форумға қатысты Батыс жұртының пікірі алабөтен. Тіпті, еліміз ішінде де кереғар көзқарастардың болатыны сөзсіз. Дегенмен, іргемізіндегі алып экономика алға қойған мегажобадан біз де тыс қала алмаспыз анық еді. Тіпті, одан тыс қалу біздің ұлттық мүддемізге сай келмесі анық. Қазақ делегациясының кезекті Қытай сапарын міне осы тұрғыдан бағалау керек. Батыс пен Шығыстың қызу бәсекесі арасында ұлттық мүдденің жалауын жығып алмау – келіссөздер кезінде мейлінше тиімді келісімдерге жетумен жүзеге асады.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



ДӨҢГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ

ПОЛЬШАДАҒЫ ПАРЛАМЕНТ САЙЛАУЫ:

ОППОЗИЦИЯ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

15 қазанда Польшада Парламент сайлауы өтті. Сайлауда билеуші партия жеңіске жетті. Алайда, «Заң және әділдік» партиясы бұл жеңіске қуана алмайды. Себебі, экс-премьер Дональд Туск бастаған оппозициялық коалиция Парламентте басым күшке ие болды. Газетіміздің №117 санында билеуші партияның жеңіске жету мүмкіндігін сараптап едік. Олар Парламентте көпшілік орынды иеленуге бар күшін салды. Десе де, халық алдында беделі түскен сыңайлы.

Коалиция беделді саяси күшке айналды

8 жыл билеуші болған «Заң және әділдік» (PiS) жеңіске жеткені рас. Бірақ жеңіс партияның халық алдындағы беделінің түскенін көрсетті. Биыл сайлауда 35,4% дауыс жинады. 2019 жылы өткен сайлаумен салыстырғанда өте аз. Ол кезде 44%-ға жуық дауыс алып еді. Бұл парламенттегі депутаттық орынның жартысына жуығы. 2015 жылғы сайлауда 37,6%-ға жуық дауыс алған. Сол деңгейге де жете алмады. Парламенттің төменгі палатасы Сеймде 2015 жылы 240 депутаттық орын алса, биыл 196 мандатты жеңіп алды.

«Азаматтық коалиция» (КО), «Үшінші жол» (ТД), «Левица» (Lewica) партиялары оппозициялық коалицияны құрды. Үшеуі бірлесе 249 мандатты жеңіп алды. Алдыңғы сайлауларда «Азаматтық коалиция» беделді саяси күш еді. Алайда, ол кезде Дональд Туск басшы болмаған. Ол тек ел ішінде ғана емес, ЕО-та беделді саяси тұлға. 2014–2019 жылдары Еуропалық Кеңестің төрағасы лауазымын атқарды.

Электоратқа жалығу тән

Қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлы жиырмасыншы қара сөзінде: «Тағдырдың жарлығын білесіздер – өзгерілмейді.



Пендеде бір іс бар жалығу деген. Ол – тағдырда адаммен бірге жаратылған нәрсе, оны адам өзі тапқан емес. Оған егер бір еліксе, адам баласы құтылмағы қиын. Қайраттанып, сілкіп тастап кетсең де, ақырында тағы келіп жеңеді. Ақылы түгел, ойлы адамның баласы байқаса, осы адам баласының жалықпайтуғын нәрсесі бар ма екен? Тамақтан да, ойыннан да, күлкіден де, мақтаннан да, кербездіктен де, тойдан да, топтан да, қатыннан да көңіл, аз ба, көп пе, жалығады. Оның үшін бәрінің ғайыбын көреді, баянсызын біледі, көңілі бұрынғыдан да суи бастайды. Дүние бірқалыпты тұрмайды, адамның қуаты, ғұмыры бірқалыпты тұрмайды. Әрбір мақұлыққа Құдай тағала бірқалыпты тұрмақты берген жоқ. Енді көңіл қайдан бірқалыпты тұра алады?», – деп жазып еді.

Демократияның да ең әлсіз тұсы осы жалығуда. Жалығу халыққа, яғни электоратқа тән. Саяси эралуандылық бар жерде жалығудың болуы заңды. Сол үшін де ежелгі грек философтары демократияны қолдай қоймаған. Алайда, мұнда ежелгі грек еліндегі қоғамның даму деңгейін де ескерген жөн. Осы орайда

әйгілі ағылшын премьер-министрі У.Черчилльдің «демократия ең жаман басқару формасы, бірақ адамзат одан жақсысын ойлап тапқан жоқ» деген сөзі есімізге түседі.

Саяси эралуандылық бар жерде халықтың саяси талғамы өседі. Саяси талғамы бар электораттың билікке сұранысы мен қояр талабы да артады. Ал биліктегі партия әлде саясаткер болсын электоратты жалықтырып алмауы тиіс. Себебі, демократиялық саяси жүйеде билік халықты үнемі алдай алмайды. «Кейбіреулерді үнемі алдауға болады. Уақытша бәрін алдауға да болады, алайда бәрін үнемі алдай алмаймыз», – деген екен АҚШ-тың экс-президенті Авраам Линкольн. Бұл тұжырыммен келісуге болар.

Ақпараттық технологиялар дамыған заманда демократиялы елдерде саясаткерлерге деген талап күшті. Ұзақ уақыт билікте отыру мүмкін емес. Оның үстіне әлем, қоғам жылдам өзгеруде. Бүгін қабылданған саяси шешім ертең керексіз болып қалуы мүмкін. Сондықтан да саясаткерлердің биліктегі өмірі қысқарады. Осыдан болу керек, АҚШ-да бір адам қатарынан 2 реттен артық Президент бола алмайды. Кезінде бұл норма Ф.Рузвельттен кейін қабылданған болатын. 1951 жылы Конституцияға 22-өзгеріс аясында енгізілген еді.

Саяси бағдарды өзгертпек

«Заң және әділдік» 8 жыл бойы қатарынан екі рет билеуші партия атанды. Биыл сайлауда жеңіске жетсе де, биліктегі партияға түсіп қалды. Осы кезеңде сыртқы саясатта Еуропалық Одақтан алшақтады. Брюссель Варшаваны құқықтық мемлекет қағидаларын бұзып отыр деп айыптаған. Егер Дональд Туск қайтадан премьер-министр лауазымын иеленсе Брюссельмен қарым-қатынасты түземек.

Еуроодақпен дау тудырған мәселе – миграция. Бұл мәселеде «Заң және әділдік» партиясы ұлттық мүддені қолдайтын позиция ұстанған. Сырттан келетін миграцияны барынша шектеуге тырысты. Десе де, Президент Анжей Дуда «Заң және әділдік» партиясының мүшесі болған. Бұрынғы партиясына бүйрегі бұрып тұратыны түсінікті. Бұл Дональд Туск бастаған оппозициялық күштерге кедергі болуы мүмкін.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.
(Фото:politico.eu)





САЙЛАУ – 2023

**НОВОСЕЛЬЦЕВА
НАТАЛЬЯ**

қауіпсіз мектеп үшін;
жасыл қала үшін;
Дауыс беріңіз!
Мұғалімді, экологты,
баспагерді таңдаңыз.

дауыс беру

29 қазан

Алматы қаласы 4-ші округі бойынша
мәслихат депутаттығына кандидат

(Республикалық бюджет есебінен төленді).

БИЛІК – ХАЛЫҚ ҮШІН!

Алматы қаласы мәслихатының депутаттығына кандидат
Юрий Анохиннің сайлауалды бағдарламасынан:

Мен, Анохин Юрий Владимирович, Қарағанды қаласында 1957 жылы 20 наурызда дүниеге келдім. Қарағанды мемлекеттік Медицина институтын гигиена, эпидемиология, санитария мамандығы бойынша бітірдім.

1980 жылы Алматыға санитарлық қызметке ауысып, азаматтық және өнеркәсіптік құрылыста гигиена мен жоспарлауды алдын ала және ағымдағы санитарлық қадағалаумен айналыстым. Мемлекеттік комиссияларда, ұлттық еңбек ғылыми зерттеу институтының Алматы филиалында кеңесші болып қызмет атқардым. Онда науқастар үшін медициналық қызметтің қауіпсіздігі және денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігі мәселелерімен айналыстым. Денсаулық сақтау, гигиена және эпидемиологияны ұйымдастыру және басқару бойынша кәсіби дайындығым мен жоғары біліктілігім бар.

Құрметті алматылықтар!

Менің бағдарламадағы ең басты қағида – қоғамның басты байлығы саналатын әрбір азаматқа және оның отбасына қамқорлық жасау. Ол үшін мемлекет халыққа кепілдендірілген қауіпсіздікті қамтамасыз етуі тиіс деп санаймын. Ол үшін барлық деңгейдегі басшылар біліктілік талаптарына сай болуы және мемлекеттік қызметті ұйымдастыру және басқару тәжірибесінің болуы, құрылымдар арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етуі тиіс.



Қазақстан барлық азаматтарға тең мүмкіндіктер бар елге айналуы тиіс. Сол үшін мен Алматы қаласы мәслихатының депутаттығына кандидат ретінде тіркелгім келеді.

Біз Сіздермен бірге:

1. Сапалы тегін білім мен денсаулық сақтау саласының халыққа көрсететін қызмет сапасын жақсартуымыз керек. Ол үшін мамандандырылған жоғары білім алатын студенттер кәсіби іріктеуден өтуі қажет. Өйткені, дәрігердің науқасқа немқұрайлы қарауға құқығы жоқ. Өз кезегінде бұл қолжетімді және сапалы медициналық кө-

мекті қамтамасыз ететін жоғары санатты мамандарды тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

2. Халықты сыртқы және ішкі қауіптерден қорғауға маңыз береміз. Бұл ретте санитарлық қадағалау жұмыстарын қайта жандандырып, мемлекеттік басқару қызметі азаматтардың өмірі, денсаулығы мен әл-ауқаты үшін белгілі бір мақсатқа құрылуы қажет. Мемлекеттің қауіпсіздігі – бұл ең алдымен азаматтар мен биліктің қауіпсіздігі, мемлекеттік басқарудың және азаматтық қоғамның бірлескен қызметі.

3. Аға буын өкілдерін лайықты қарттықпен қамтамасыз етеміз.

4. Банктік несиелер, ипотека және басқа несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемені азайтуға күш саламыз.

5. Қазақстанның жетілген азаматтық қоғамы және жоғары әлеуметтік жауапкершілігі бар кәсіби қоғамдастықтары бар құқықтық мемлекет болып қалыптасуына жәрдемдесеміз. 6. Мемлекеттік басқару қызметінің біліктілікпен және алқалы түрде басқарылатын мемлекеттік құрылым ретінде жұмыс істеуіне қол жеткіземіз.

7. Алматылықтар құрылысы үйлесімді, тарихи келбеті сақталған, табиғаты келіскен жайлы қалада өмір сүруі тиіс.

8. Денсаулық сақтау саласы халықты сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз етуге міндетті.

(Республикалық бюджет есебінен төленді).

ӨМІР-ӨНЕГЕ

Биыл қазақтың тағы бір айтулы перзенті, өмірі мен еңбек жолын қазақстандық философия ғылымының дамуына арнаған көрнекті ғалым, профессор Мұрат Сәбитұлының мерейлі 85 жасы аталып өтілуде. 17 қазан күні Алматыда Ғалымдар үйінде мерейтойлық іс-шарамен қатар халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. Онда М.Сәбитұлының ғылымдағы еселі еңбектері аталып, өмір жолы еске алынды.

КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМ

Мұрат Сәбитұлының
85 жас мерейтойы аталып өтті



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Естай
БОЖАН

Философия, саясаттану және дінтану институтының мәжіліс залында басталған іс-шараға Бейжің мен Берлин арасындағы алыс-жуық әр елден, көршілес қырғыз-өзбек жұртынан және еліміздің әр жерінен ғалымдар, зиялы қауым өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері қатысты. Олар ғалымды мерейлі 85 жасымен құттықтап, мерейтойына арнаған сый-сияпаттарын табыстады. Арнайы баяндамаларында ғалымның еңбек еткен жылдарынан жылы-жылы естеліктер де оқылды.

Мұрат Сәбитұлының мерейтойына арналған ауқымды іс-шара ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттері жағынан ұйымдастырылғанын айта кеткен жөн.

«Қазақстандық диалектикалық логика мектебі: тарих және қазіргі заман» атты халықаралық ғылыми-

теориялық конференцияға елімізден және шетелдерден белгілі философтар, айтулы ғалымдар, беделді сарапшылар қатысты. Олар Қазақстан қоғамының дамуындағы өзекті трендтерді, сондай-ақ, ықтимал болжамдарды негізгі тақырып етті. Қоғамдық жаңғыру тұсындағы әділеттілік құбылысының маңызына қатысты пікір алмасты.

Ең қызықтысы, Қазақстандағы, тіпті әлемдік философиялық кеңістіктегі философияның дамуында Алматылық диалектикалық логика мектебінің тарихи рөлі мен маңызына қатысты ой-пікірлерін ортаға салды. Мерейтой иесі Мұрат Сәбитұлының ғылымдағы басты бағыты да осы сала болғандықтан, оның еліміздегі қалыптасуы мен дамуындағы еткен еңбегі, төккен тері, жасаған ықпалы да сөз болды.

Айта кетейік, Мұрат Сәбитұлы өзінің ғылым жолында ғылыми танымның логикасы мен әдіснамасы, диалектиканың категориялары, заңдары мен принциптеріне қатысты 240-тан астам ғылыми еңбек жазған ғалым. Отандық философия ғылымы саласында М.Сәбитұлының есімі айрықша аталады.

ҚҰНДЫ ДҮНИЕ

ТӨРІМІЗДЕ АБАЙ ТҰР

Жетісу ауданы әкімшілігі алдындағы ұлы бабамыз Абайдың мүсіні анадайдан көрінеді. Әкімшілікке бас сұққан кісі міндетті түрде ұлы ғұламаға мойын бұрып, сәлемдесіп өтері хақ.



Рая
ЕСКЕНДІР

Кезінде аудан әкімшілігі осы ғимаратқа көшіп келгенде мүсінші Тілеуберді Бинашев құнды дүниесін байғазы ретінде тарту еткен еді. Сол жолы ауданының байырғы тұрғыны Қазақстанның Халық суретшісі Хакімжан Наурызбаевты әрқашан үлгі тұтатынын айта келе: «Менің ұстазым Хакімжан аға ұлтқа қызмет ету туралы көп айтшы еді. Сол өсиет жадымда қалғандықтан шығар, маңдайымның ащы



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

терін сылып тастап, жасаған талай туындымды тегін таратып бергім келіп тұрады. Меніңше, ұлтына қызмет етемін деген әрбір жан осы бейнеге бір қараса, жақсы жолмен жүрері анық. Абайды ырымдап тарту етіп отырмын», – деген еді.

Осы ауданның «Айнабұлақ» ықшамауданындағы гүлзарға қойылған Әл-Фараби бабамыздың

мүсіні де осы Тілеуберді Бинашевтің қолынан шыққан дүние.

Кезінде мүсіншінің «бұл менің коллекциямда тұрған бюст еді. Кеңес дәуірі кезінде арнайы комиссия жоғары бағалаған дүниелерім ғой. Алматы қаласының ескерткіштер жөніндегі комиссиясы да оң бағасын берген. Бұл да менің жан-тәніммен шабыттанып жасаған жұмысым. Тіпті, қанша уақыттың кеткені де есімде қалмапты. Ерте-ректе 1980 жылы жасаған жұмысым ғой», – дегені бар.

Жалпы, мүсінші Әл-Фарабиді көп зерттеген адам. Егер зер салып қарасаныз, Бинашевтің Әл-Фарабинің сәлдесінің биіктеу екені бірден байқалып тұрады.

Өзі де бұл туралы «Ғарышпен байланысып тұрған Отырардың бір мұнарасы іспетті болсын деп жасаған едім», – дейді. Қазір мүсіншінің қолынан шыққан тағы бір Әл-Фараби ұлттық университеттің Журналистика факультетінің фойесінде тұр. «Өзі кетсе де, көзі қалды» деген әсте осы болар.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

ҚҰМАР ОЙЫНҒА ТӘУЕЛДІЛІК дін мен ұлтқа қарамайды

Алматы қаласының діни бірлестіктерінің басшылары құмар ойынға тәуелділіктің алдын алу стратегиясын талқылады.



Досбол
АТАЖАН

Жыл сайын дәстүрлі түрде тойланатын Рухани келісім күніне орай Алматыда «Дін әлеуметтік тепе-тендік үшін: құмар ойындарға тәуелділікпен күрес» тақырыбында «дөңгелек үстел» өтті. Іс-шара Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасы және «Social Development Center» қоғамдық қорының бастауымен ұйымдастырылды.

Жылға әртүрлі діни конфессиялардың көшбасшылары, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, түрлі облыстардың жетекші сарапшыла-

ры мен мамандандырылған оңалту орталықтарының өкілдері жиналды.

– Осыдан 31 жыл бұрын елімізде алғашқы Рухани келісім күні атап өтілді. 1992 жылы қазан айында әлемдік конфессиялар өкілдері және белгілі рухани көшбасшылар қатысуымен Алматыда Рухани келісім конгресінің бірінші сессиясы қабылданған болатын. Ал жақын күндері сьезд хатшылығының 21-ші отырысы өтті. Оған 22 елдің өкілдері келді. Мұның бәрі еліміздің әлемдегі ерекше орны мен халықаралық қауымдастықтардың Қазақстанға құрметін көрсетеді. Қазіргі әлемдегі қактығыстардың үдеуіне қарай отырып, біздің еліміздегі конфессиялар арасындағы байланысты нығайта түсу үшін жұмыс істей береміз, – деді Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқарма басшысы Нұрлан Қиқымов. Рухани келісім күніне байланысты құттықтауынан соң басқарма басшысы елдегі өзекті мәселелердің тірі – құмар

ойындарға тәуелділік проблемасы туралы сөз қозғады.

– Ішкі істер министрлігінің мәліметіне сүйенсек, 2022 жылы жалпы құмар ойындардың қызметі 2019 жылмен салыстырғанда, 40%-ға өскен. Осы жылдың бірінші жартыжылдығында құмар ойындарға еліміздің халқы 100 млрд теңге жұмсаған. Құмар ойындарға тәуелділік қазіргі уақытта өзекті мәселеге айналып отыр. Осы тұрғыда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында құмар ойындарға қатысты шектеулерді күшейтуді тапсырған болатын. Сондықтан бұл мәселеден барлықтарыңызды сырт қалмауға шақырамын, – деді ол.

Сондай-ақ, «дөңгелек үстел» жұмысына осы саладағы дін қайраткерлері мен сарапшылар ғана емес, лудомания дертінің алдын алуға және тәуелді адамдарды оңалтуға бағытталған жоғары мамандандырылған ұйымдар да қатысты.

МЕРЕКЕЛІ АЛМАТЫ

РЕСПУБЛИКА КҮНІ мегаполисте қалай тойланады?

Гүлжанат СЕМБАЕВА

(Басы 1-бетте)

Негізгі мерекелік концерт Республика күніне орай, сағат 15.00-де Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен Республика сарайында өтеді. Бұған қоса, сағат 17.00-де Құрманғазы атындағы консерваторияда оқу ордасының жетекші ұжымдары мен солистерінің қатысуымен «Жасай бер, Қазақ елі» атты салтанатты концерт ұйымдастырылады.

Республика күні – 25 қазан, сағат 11.30-да «Медеу» БТСК-да мемлекеттік туды көтеру және Қазақстан Өнұранын жаппай орындау салтанатты рәсімі өтеді. Іс-шараға қала жастары, қоғам қайраткерлері, Алматы қаласы мәслихатының депутаттары және Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері қатысады. Сонымен қатар, сол күні сағат 11.00-де Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасында «Ел өркенін өсірген азаттық» тақырыбында квиз және «Декларация – тәуелсіздікті бекітудің алғашқы қадамы» көрмесі өтеді.

25 қазан, сағат 14.00-де Көктөбе саябағында «Алматы әуендері» шығармашылық ұжымының қатысуымен «Жасай бер, мәңгі Қазақстаным» атты мерекелік концерт өтеді. Осы күні Қазақ мемлекеттік циркінде сағат 16.00-де Республика күніне және атақты клоун әрі сиқыршы, цирк әртісі Кәрім Мұтырғановтың 70 жылдығына орай бенефис ұйымдастырылады. Қонақтарға акробаттар, әуе гимнасттары, жонглерлер, эквилибристер, иллюзионистер мен сайқымазақтар қатысатын шоу-бағдарлама ұсынылады. Бұған қоса, 25 қазанда сағат 20.00-де Астана алаңында Республика күніне орай мерекелік отпашу болады.

Республика күнін тойлау аясында суреттер мен фотосуреттер көрмелері, «дөңгелек үстелдер», ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері, флешмобтар, спорт фестивалдері, турнирлер, марапаттау рәсімдері, зияткерлік ойындар мен акциялар өтеді.

БҮГІН – ҚҰТҚАРУШЫЛАР КҮНІ

НАҒЫЗ БАТЫР, НАҒЫЗ ҚАЙСАР құтқарушылар – барлық құрметке лайық

19 қазан – Құтқарушылар күні. 1995 жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен құрылған арнайы қызмет күні бүгінге дейін халыққа қалтқысыз еңбек етіп келеді.

Құралай ЖҰМАДІЛОВА

Құтқарушы мамандығының ең басты міндеті – адамдар өмірін құтқару. Халықтың бейбіт өмірін, тұрмыстағы, өндірістегі қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, апаттық жағдайға жол бермеу мақсатындағы рөлі зор. Өрине, «апат айтып келмейді». Тосыннан болған апат кезінде азаматтарға бірінші болып көмекке ұмтылатын төтенше жағдайлар қызметінің құтқарушылары екені сөзсіз. Шынтуайтына келгенде, өзгенің өмірі үшін өзінің басын қатерге тігу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Мұндай жауапкершілікті алу үшін адамға үлкен жүрек, машық, білім мен білік және тәжірибе керек.

Өр өңірдегі Төтенше жағдайлар департаменттерінде жедел құтқару жасағы бар. Онда судан құтқарушы, өрт сөндіруші, қар көшкінінен құтқарушылар мен апаттық медицина секілді құрылымдар жұмыс істейді.

Ал сіз бірнеше мамандықты қатар игерген кенеттен болатын апатты жағдайларда көмек қолын созуға жаңшыра жүгіретін құтқарушылардың еңбегі барлық құрметке лайық. «Алатау Ақпарат» медиахолдингінің қызметкерлері қандай қиындыққа тап келсе де, қауіп пен қатерге бас тігіп, өзгенің

өміріне араша түсетін, нағыз батыр, қайсар жандарды кәсіби мерекелерімен құттықтайды.

Құтқарушылардың кәсіби мерекелері қарсаңында Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің №1 мамандандырылған

өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндіруші-құтқарушысы Әділ Еркінұлы Дәуренқұловқа жолығып, жалпы төтенше жағдай туындағанда атқаратын шұғыл әрекеттері жайында білдік. Өр мінезді өрт сөндіруші жігіттен мамандығының мәлім де беймәлім қырлары туралы былай дейді:



Әділ ДӘУРЕНҚҰЛОВ: МАМАНДЫҒЫМДЫ СҮЙЕМІН
Тараз қаласына жақын Құмшағал ауылының тұрғынымын. Жасым – 27-де. Бала кезімнен өрт сөндіруші болуды армандап өстім. Кейін 2014 жылы мектеп бітіргеннен кейін ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің Көкшетау техникалық институтына оқуға түсу арналым болатын. Бірақ ол жылы ҰБТ-дан өте алмадым, жолым болмады. Кейін әскерге шақырту алған соң, Отан алдындағы борышымды өтеуге әскерге аттандым. 2018 жылы арналым орындалып, қалаған мамандығым бойынша оқуға түстім. Бүгінде

мамандығымға деген адалдығым болар, алғашқы еңбек жолым бастаған мекемеде 6 жылдан бері абыройлы еңбек етіп келемін. Ұжым негізінен сайдың тасындай мықты жгіттерден құралған. Барлығымыз бірге ас ішіп, кейде, тіпті бірге ұйықтаймыз да. Бір-бірімізге сыйлымыз. Әріптестерімнен үйренгенім де, әлі де үйренерім көп. Өздеріңіз білесіздер, өрт сөндірушілердің әр күні қауіп пен қатерге толы. Соған қарамастан, қызыл жсалынмен арналысуға дайын тұрамыз. Өйткені, бұл біздің міндетіміз. Жазым деген табан астында... Бірде Розыбакиев пен Сәтбаев көшелерінің қиылысындағы «Беккер» деген сауда орталығында өрт шыққаны туралы хабар келеді. Бізге «сол ғимараттың шатырын ашып, шатырдың астынан су шашыңдар» деген бұйрық түседі. Оққа орнына жылдам жеткен соң мен шатырдың үстінен аяғым тайып кетіп, лаулаған қызыл жсалынның ортасына бір-ақ түскенім бар. Көрек жарығым бар екен, әйтеуір аман қалдым. Сол кез әлі күнге дейін есімнен кетпейді. Таулы аймақтарда да қауіп көп. Мәселен, шыриша жанып, үстіңе құлап кетуі мүмкін. Адамды құтқару, оларға қайта өмір сыйлау – ерекше сезім. Қазір жалақымыз көтеріліп, жасадайымыз жақсарып келеді. Мен өз мамандығымды сүйемін!

ТҰЛФАТАНУ

ҰЛЫЛЫҚ ҰЛЫҚТАЛДЫ

«Ұлы Абылай хан – таңдаулы деректер үзіндісі» қойылымы сахналанды

Ұлы тұлғалар есімі ұмыт болмауы тиіс. Ұрпағы үнемі еске алып отырғаны абзал. Халқымыз «Өлі разы болмай, тірі байымайды» дейді. Осы орайда Алматыда «Трансформа» шығармашылық жастардың көпсалалы мәдени кеңістік алаңында қазақтың ұлы билеушісі Абылай ханның өміріне байланысты сахнада қойылымы қойылды.

Пердехан ШӘМШИЕВ

Бабалар есімін ұлықтаған қойылым Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының Қоғамдық даму орталығының ұйымдастырумен өтті. Іс-шара еге-



мендіктің нышаны Республика күні қарсаңында ұйымдастырылды.

Ұлы Абылай хан есімі бәріміз үлгі алатындай саяси тұлға. Қазақ хандығының тоқырау жылдарында ел тізгінін қолға алған ол мемлекеттілікті нығайтты. Батыл сыртқы саясатты жүзеге асырып, ел бірлігін сақтауға бар күш-жігерін салды. Саясаткердің дипломатиялық қабілеті елдің сол-түстігіндегі алып ел Патшалық Ресей

мен шығыстағы Цин елімен терезесі тең саясат жүргізуге мүмкіндік берді.

Ол кезеңде Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайы да мәз емес еді. Бір орталыққа бағыну сияқты құндылық жоғала бастаған. Әр сұлттан бас-басына би болған заман. Сондай қилы заманда ел тізгінін ұстаған тұлға есімі әсіресе жастар арасында дәріптелуі тиіс. Бұл тұрғыдан алар болсақ іс-шараның өз мақсатына жеткеніне көзіміз жетті. Себебі, қойылымды көруге келген жастардың саны көп, тіпті орын жетпей түрегеп тұрып қарауға тура келді. Қойылымды тамашалауға келген жастар рухани азық алды.

Қойылым Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Жүсіпбек Елебеков атындағы Республикалық эстрадалық-цирк колледжі сияқты қаламыздағы шығармашылық оқу орындарының студенттерінің қатысуымен сахналанды.

«СЕРГЕК»

АЛЫП МЕГАПОЛИС көшелерінде күніне 1 млн 100 мыңнан астам көлік жүреді

Алматы әкімдігінің телеграм-арнасы (https://t.me/almaty_akimat) хабарлағандай, қалаға күн сайын бүкіл Латвияның, Астананың 2 немесе Батыс Қазақстан облысының 5 автопарк көліктері «кіреді».

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Полиция департаментінің мәліметінше, 10 негізгі магистраль бойынша Алматы аумағына жұмыс күндері орта есеппен 400 мыңнан астам автомобиль кіреді. Облыстан қалаға кіретін қосымша 17 жолмен 300 мыңнан астам көлік келеді. Осылайша Алматы көшелерінде күніне 700 мыңнан астам машина жүйткіді. Бұл шамамен,

қала халқының үштен бір бөлігі, яғни 2,147 млн адам. Мұндай деректер ағымдағы жылдың 6 қазанында, жұма күні «Сергек» аппараттық-бағдарламалық кешені арқылы көшелерді бақылау негізінде алынып отыр.

Алматыға жұмыс күндері келетін жеке көліктің санын бүкіл елдің автопаркімен салыстыруға болады. Латвияда халық саны 1,891 миллион адам. Бұл ретте елде 730 мыңға жуық автокөлік тіркелген. Былайша айтқанда, облыстан Алматыға

#ТАЗААЛМАТЫ

Қалалық Мәслихат пен экологиялық бірлестіктердің бастамасымен 21 қазан, сағат 10.00-де қалада кең ауқымды «Жана Қазақстан. Таза табиғат» атты қалалық сенбілік өтеді.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

2023 жыл, 21 қазан:

ЖАЛПЫҚАЛАЛЫҚ СЕНБІЛІК

Гүлжанат СЕМБАЕВА

Сенбілік аясында қаланың демалыс аумақтары, саябақтар, скверлер мен аулаларда тазалық жұмыстарын жүргізіп, ағаш отырғызу жоспарланған (10 мыңға жуық түп ағаш әзірленді).

Алматы қалалық әкімдігі көшеттер мен отырғызуға арналған жабдыктармен (қолғаптар, қаптар, күрек, тырмалар) ұсынып, қатысушыларды сумен қамтамасыз етіп, жиналған қоқысты полигонға шығарады.

Іс-шара өтетін барлық аймақта концерт пен 15 минуттық жаттығу, мәдени ойын-сауық бағдарламалары ұйымдастырылған.

Сенбілік өтетін негізгі орындар:

1. ШААЖ тарапынан «Көктөбе» баурайында;
2. Алматы индустриялық аймағы мен «Батыс» зиратының санитарлық-қорғау аймағы арасындағы учаскеде;
3. АЛА саябағы;
4. «Көкқайнар» ы/а., Боралдай өзенінің жағасында.

Коммуналдық қызметтердің қатысуымен жергілікті сенбіліктер әр ауданда өтеді:

Түркісіб ауданында:
1. Баум тоғайы, УАА бойында (Сүйінбай даңғылынан Сейфуллин даңғылына дейін);

2. «Жас қанат» ы/а (1/33 үй алдында), денешынықтыру-сауықтыру кешенінің жанында.

Жетісу ауданында:
1. «Айнабұлақ-4» (190 үй алдында).

Медеу ауданында:
1. «Көктөбе» көлбеуінде. Алматы ауданында:

1. Сайран көлінің шығыс жағалауы.

Әуезов ауданында:
1. Сайран көлінің батыс жағалауы.

Алатау ауданында:
1. Боралдай өзенінің жағасында, «Көкқайнар» ы/а.

Бостандық ауданында:
1. «Достық» саябағы (Тимирязев көшесі Шашкин көшесінің қиылысы).

Наурызбай ауданында:
1. «Шұғыла» ы/а, Абай даңғылының оңтүстігіндегі, Алатау көшесінің шығысындағы бос учаскеде сенбілік өтеді.



25 ҚАЗАН – РЕСПУБЛИКА КҮНІ!

Еліміздегі әрбір мерекенің, әрбір айтулы датаның пайда болуының өзіндік тарихы бар. Егер де ол мереке елдің, мемлекеттің, халықтың тарихы мен тағдырына тигізер ықпалы мен әсері қаншалықты күшті болса, мерекенің де халық үшін маңызы зор болып келеді. Ел тарихының Тәуелсіздік кезеңіне жол салып берген, Тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамға құқықтық негіз болған Егемендік туралы Декларацияның қабылданған күні – 25 қазан маңызы зор, ерекше тарихи күн болып есептеледі.



ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ МҰРАТЫ

Егемендік Декларациясы – ел Тәуелсіздігіне негіз қалаған және жол ашқан тарихи маңызды құжат

Ұлық мерекенің мазмұны мен маңызы

Алғаш рет бұл айтулы күн 1992 жылы Республика күні ретінде ресми атап өтіле бастады да, 2001 жылдан бастап мемлекеттік мерекелік күндер қатарына енгізілді. Ал 2009 жылғы «Мерекелер туралы» заңда ол күн ешбір себепсіз алынып тасталды. Осыған байланысты 2022 жылдың 16 маусымында Ұлытауда өткен Ұлттық Құрылтайда сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былай деген еді: «...Елдің тарихи жадын жаңғырту үшін үйлесімді саясаттың болуы ерекше маңызды. Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл – еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек». Сөйтіп, Құрылтай шешімін жүзеге асыру мақсатында Ел Президенті 2022 жылдың 29 қыркүйегінде қол қойған «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңның 2-ші бабында «Қазақстан Республикасындағы Ұлттық мереке – 25 қазанда атап өтілетін Республика күні болып табылады» деп айрықша атап көрсетілді.

1990 жылдың дәл осы күні Алматы қаласында Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің 12 шақырылған күзгі мәжілісінде «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация» деп аталатын аса маңызды тарихи құжат қабылданған еді. Бұл құжат, біріншіден, сол тұстағы Кеңестер Одағындағы қалыптасқан ішкі қоғамдық-саяси өмірдің айнасы болса, екіншіден, Қазақ КСР-нің болашағын айқындап көрсеткен құжат болып саналды.

Ел болашағын айқындаған құжат қалай қабылданды?

1985 жылы наурыз айында КСРО атты алып империяның КОКП-ның Бас хатшысы боп сайланған М.С.Горбачев сол жылғы сәуір айында экономиканы қарқынды түрде дамыту үшін «жеделдету» ұранын жария етті. Ал бір жылдан соң «қайта құру» деген атауға ие болған саясатты жүргізуге кірісті. Ол үшін қоғамдық өмірді «демократияландыру», «жариялылық» деп аталатын бағыттарды өмірге енгізе бастады. Бірақ нақты істен гөрі құр жалаң сөзі көп бұл бағыттардың нәтижелері онша болмады. Алып империяның экономикалық даму үдерісі тежеле бастап, көп ұзамай жалпы дағдарысқа түсе бастады. Ал бұл жағдай өз кезегінде әлеуметтік теңсіздіктер мен қайшылықтарды туғызса, ол үдеріс одан әрі жалғасып, ұлтаралық дұрдалаздыққа ұласты. Кеңес қоғамы өзінің 1920–1950 жылдардағы тарихының ақтан-дақтарын жариялылық арқылы біліп, мұның себептерін Коммунистік партияның үстемдігінен, оның Сталин секілді басшылығының қанқұйлы саясатынан деп қабылдады. Сөйтіп, барлығына партия мен орталықтандырылған биліктің жетекшілері кінәлі делінген пікірлер үстемдік құра бастады.

«Қайта құру» саясаты жарияланғаннан кейінгі 3-4 жыл ішінде КСРО көлемінде қордаланған барлық мәселелер 1989 жылдың мамыр-маусым айларында өткен КСРО Халық депутаттарының 1 съезінде аузы ашылған жарадай толығымен көрініс берді. Съездің ашылған алғашқы сәтінен бастап-ақ оның жұмыс бағыты Кремль басшылығы ойлағандай болмады. Грузиядан сайланған бір депутат 1989 жылы сәуір айында Тбилиси қаласында болған қырғынның құрбандарын еске алу үшін үнсіз орындарынан тұруды және сол оқиғаға қатысты съездің шешімімен комиссия құруды ұсынғаны есімізде. Одан кейін сөз алған барлық депутаттар өз аймақтарындағы әртүрлі проблемаларды айтып жатты.

Елдегі саяси өмірдің жандануы: демократиялық үдерістер

Міне, осыдан кейін съезд жұмысы басқа арнамен жүрді десе болады. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы туралы осы съезде қазақстандық депутат, белгілі акын Мұхтар Шахановтың сөйлеген сөзі әлі есімізде. Жалпы алғанда, бұл съезд Кеңес Одағының тұралап қалғандығын, құлаудың алдында тұрғандығын көрсетті. Сонымен бірге, коммунистік идеологияның өміршең еместігін, КОКП рөлінің төмендегенін, Мәскеудегі Орталық биліктің қауқары әлсірегенін және одақтас республикалардағы басшылықтың рөлі мен беделінің арта бастағанын көрсетті.

Съезден кейін әлеуметтік-экономикалық ахуал одан әрі тереңдей түсті де, ол ішкі-сыртқы саяси жағдайға әсер етіп жатты. Ал оны тоқтатудың, дағдарыстан шығудың жолын Мәскеудегі Орталық билік таба алмады. Дәл осы кездегі КСРО жағдайын толқынды күні теңізге ескегінен айырылған қайықшыға теңесе болар еді. Алғаш рет осы тұста Балтық жағалауындағы республикаларда «тәуелсіздік», «егемендік» туралы ойлар ашық айтыла бастады. Қызыл империяны сақтап қалу үшін Орталық билік 1990 жылдың бірінші жартысында федерация, конфедерация негізінде жаңа келісімдер жасау, тіпті Жаңа Одақтың шарт жасау туралы идеяларды алға тарта бастады. Сөйтіп, оның жұмысы басталып та кетті.

Бірақ та оған қарамай Балтық жағалауындағы үш ел – Литва, Латвия және Эстония өз егемендіктерін жариялап, өзге республикаларға үлгі көрсетіп, батыл қадамдар жасады.

Осы тұста Қазақстанда да дәл Орталықтағыдай, Батыс жағалауындағы елдердегідей, Украина мен Грузиядағыдай болмаса да, саяси өмір жандана бастаған еді. Ол қоғамдық өмірді айқындайтын күшке айналмаса да, оның айқын көрінісі бола білді. Демократиялық күштер мен жариялылықтың ықпалымен 1988 жылы қараша айында алаш арыстары ақталып, одан кейін Желтоқсан оқиғасына қатысып, сотталғандарға кешірім жасала бастады. 1990 жылы шілдеде еліміздегі барлық ұлттық-демократиялық бағыттағы саяси күштердің бірігуімен «Азат» республикалық азаматтық қозғалысы дүниеге келіп, өз жұмысын белсене жүргізе бастады. Қозғалыстың атынан көрініп тұрғандай, оның мақсаты – елдің азаттығы, егемендігі, тәуелсіздігі болды.

Елдегі мұндай саяси демократиялық үдерістер мемлекеттік билікке де әсер ете

бастады. 1990 жылғы 25 наурызда республика Жоғары Кеңесінің кезекті XII шақырылымына сайлау болып, ол сәуір айында өз жұмысына кірісті. Бұған дейінгі Жоғары Кеңеске сайлаулар шексіз билікті иеленіп отырған Коммунистік партияның басқаруымен, қатаң бақылауымен жүргізіліп, әрбір депутаттыққа үміткер қатаң тексерістерден өткізілетін. Бұл жолғы сайлауда қоғамда болып жатқан демократиялық үдерістер ескеріліп, территориялық принципке сай сайлау округтерімен қатар қоғамдық ұйымдар мен шығармашылық одақтар атынан 90 депутаттық мандатқа рұқсат берілді.

Соның нәтижесінде халық қалаулыларының 90 депутаттық мандатын елімізге белгілі, бірнеше ондаған алдыңғы қатарлы заңгерлер, экономистер, қоғамтанушы ғалымдар, жоғары оқу орындарының ректорлары, шығармашылық одақтың жетекшілері, мүшелері иеленді. Барлық 360 депутаттың 7-еуі Қаз КСР Ғылым академиясының академиктері, 48-і ғылым докторлары мен кандидаттары, 23 адам КСРО мен ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының иегерлері, 11 адам Кеңестер Одағының Батыры мен Социалистік Еңбек Ері атағын иеленгендер еді. Сайланған 7 академик сол тұстағы Қазақ елінің ұлы ғұламалары – Жабайхан Әбділдин, Өмірбек Жолдасбеков, Мұхтар Әлиев, Манаш Қозыбаев, Шахмардан Есенов, Айтмұхамед Абдуллин, Салық Зиманов болатын.

Егемендік Декларациясын қабылдауда қоғамдық ұйымдар, ғылыми мекемелерден және шығармашылық одақтардан сайланған депутат-тұлғалар ерекше рөл атқарды. Ұлттық құрам жағынан алғанда барлық 360 депутаттың 181-і қазақ, 100-і орыс, қалғандары басқа ұлт өкілдері болды. 12 шақырылған Жоғары Кеңес Төралқасының төрағасы болып мамандығы экономист Ерік Мағзұмұлы Асанбаев сайланды.

Бұл Жоғары Кеңес ел тарихында екі тарихи заңды қабылдауымен ерекшеленді. Алғашқы құжат – «Президент туралы» заң, осы заңға сәйкес Жоғары Кеңес 1990 жылы 24 сәуірде Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Назарбаевты Қазақ КСР-ның Президенті етіп сайлады.

Екінші заң – «Қазақ КСР-нің Мемлекеттік егемендігі туралы» декларация еді. 1990 жылдың көктемі мен күз айлары аралығында КСРО-ның саяси өмірінде ыдырау үдерісі өте жоғары қарқынмен жүре бастады. Балтық елдерінің егемендігін басқа республикалар жалғастырып, егемендіктері туралы декларацияларын барлық республикалар жарыса жариялап жатты. 1990 жылдың қазан айына дейін тек Қазақстан мен Қырғызстан ғана әлі жариялай қойған жоқ еді.

Егемендік туралы Декларацияның үш жобасы

Айтуға оңай болғанымен, бұл маңызды құжатты қабылдау депутаттар арасында үлкен идеялық, саяси күрес арқылы жүрді. Негізінен, Егемендік туралы Декларацияның үш жобасы дайындалады. Біріншісі Жоғары Кеңестегі «Демократиялық Қазақстан» деп аталатын қазағы бар, орысы бар, басқалары бар, орыс тілді 30-дан астам мүшеден тұратын депутаттар тобы даярлайды. Олар Декларация жобасын қазан айының басында мерзімді баспасөз беттерінде жариялап жібереді. Бұл жоба бойынша Қазақстанда көпұлтты этностар өмір

сүріп жатқандықтан, жаңа қоғамды құру ұлттық мемлекеттілік тұжырым негізінде емес, азаматтық қоғам ұстанымы негізінде болуы қажеттігі тұжырымдалды, өйтпеген жағдайда, болашақта бұл қоғамда келенсіз жағдайларды көп туғызады делінеді. 1989 жылы қыркүйекте қабылданған Қазақ тілі туралы заңның болуына қарамастан олар жасаған Декларация жобасында орыс тілі ресми мемлекеттік тіл болады деп жазды. Бұл жоба, әрине, қазақ азаматтарының қатты қарсылығын туғызды.

Жоғары Кеңестің жұмыс тобы Декларацияның негізгі жобасын дайындап, талқылауға ұсынды. Қазан айының бірінші жартысы Декларация жобаларын талқылауға кетті десе болады. Сондай-ақ, халық қалаулыларынан, қоғамдық ұйымдар мен еңбек ұжымдарынан, жекелеген азаматтардан көптеген ұсыныстар, толықтырулар, өзгерістер туралы пікірлер Жоғары Кеңеске түсіп жатты. Осылардың бәрін ескере келе, Жоғары Кеңес заңгер – академик, алдыңғы ойлы ұлтжанды азамат, депутат Салық Зиманов бастаған арнайы комиссия құрып, оған ескертулер мен ұсыныстарды ескере отыра Декларацияның жаңа, толықтай нұсқасын, басқаша айтқанда үшінші нұсқасын жасауды тапсырады. Салық Зиманов бұған дейін академик Ж.Әбділдиннің басқаруымен Алаш арыстарын ақтаған комиссия құрамында жұмыс істеген еді. Бір аптадан астам уақыт бойы жұмыс істеген С.Зиманов комиссиясы Декларацияның соңғы жобасын Жоғары Кеңеске 15 қазанда ұсынды.

Жобаны талқылау өте қызу және қарқынды жүрді. Ондағы әрбір бапқа, әрбір сөйлемге, оның мәніне дейін талқылаудан өтіп, бірден дауысқа салынып отырды. Талқылау барысында арнайы жұмыс тобының мүшесі, белгілі заңгер-академик, тағы бір ұлтжанды азамат, депутат Сұлтан Сартәев өте белсенділік танытып, қойылған сұрақтарға жауап бере отыра, «Егемендік туралы Декларацияның» басты ұстанымы мен баптарын қорғауда белсенділік көрсетеді. Сондай-ақ, ұлтжанды депутаттар – зиялы қауым өкілдері, әсіресе, қоғамдағы беделі өте зор академиктер басқа депутаттар арасында түсіндіру жұмыстарын белсенді жүргізді. Осылайша ел тағдыры үшін аса маңызды құжаттың қабылдануы күрделі жағдайда өтеді.

Азаттықтың ақ таңы

1990 жылдың 25 қазаны күні 18 сағат 55 минутта ҚазКСР-нің 12-ші шақырылған Жоғары Кеңесі «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» Декларацияның көпшілік дауыспен қабылдады. Дауыс беру қорытындысы бойынша Декларацияны 261 депутат қолдап, 18 депутат қарсы дауыс береді, 2 адам қалыс қалса, 1 адам мүлде дауыс бермейді. Осылайша Қазақ КСР-і Одақ құрамындағы республикалар арасында 14-ші болып Егемендік туралы Декларациясын жария етті. «Өлемді сұлулық сақтайды» деген қанатты сөздің жалғасы іспетті «Қоғамды зиялылық бастайды» деген сөздің ақиқатын осы жерде көруге болады. Көп ұзамай Қырғыз елі де осындай заңын қабылдайды.

Қабылданған Егемендік туралы Декларация 17 тармақтан тұрды. Онда Қазақ мемлекеттілігін құруда, қоғамды қалыптастыруда жалпы адамзаттық құндылықтар мен принциптер басшылыққа алынатындығы айтылды. Қазақ КСР одақтағы басқа мүшелермен ерікті түрде бірігетін және олармен келісім-шарттар негізінде қатынастар жасайтын егемен ел деп жарияланды. Сондай-ақ, Декларацияда Қазақстандағы биліктің қайнар бастауы және иесі Қазақстан халқы деп жарияланды. Сонымен бірге, бұл маңызды құжатта Қазақ КСР-нің территориясы тұтас, оған қол сұғылмайды және елдің келісімінсіз оны ешкім пайдалана алмайды делінді.

Декларацияда мемлекеттік биліктің үш тармаққа бөлінетіндігі – заң, сот және орындаушы болып бөлінетіндігі жария етілді. Сонымен бірге, Қазақ КСР аумағында Ата Заң мен ел заңдарының үстемдік құратындығы, ел аумағындағы ұлттық байлық республиканың дербес меншігі болатындығы, халықаралық қатынастарда Қазақ КСР-і жеке субъект болатындығы және ішкі саясатты өз мүддесіне сай анықтайтындығы, егемендіктің басты белгілері – мемлекеттің Елтаңбасы, Туы және Әнұраны болатындығы мәлімделді.

Арада 1 жыл және 1,5 ай өткеннен соң Қазақстан Республикасы Егемендік туралы Декларацияны негізге ала отыра, 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақ Елінің Тәуелсіздігі туралы Заңды қабылдады. Сөйтіп, Егемендік Декларациясы ел Тәуелсіздігіне негіз қалаған және жол ашқан тарихи маңызды құжат болып саналады. Сол себепті де, осы құжат қабылданған күн – 25 қазан ел тарихындағы аса маңызды тарихи күн болды және ұлттық мереке – Республика күні болып саналады. Мереке құтты болсын!

Берекет КӘРІБАЕВ,
ҚР ҰҒА академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымының докторы.



САЛТ-ДӘСТҮР

МОЛШЫЛЫҚ. ТОҚШЫЛЫҚ. ЖЫЛЫЛЫҚ

Мегаполисте «Бауырсақ fest» V қалалық фестивалі өтті

Салт-дәстүрлеріміз бен мәдениетіміз – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани мұрамыз. Сондықтан оларды ұмытпай, бүтінгі заманға сай дамытып, жалғастырып отыру ләзім. Бұл тарихи болмысымыз бен бірегейлігімізді сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Кеше Алматы сервистік қызмет көрсету колледжінде Халықаралық нан күні мен Халықаралық аспаздар күніне орайластырылып «Бауырсақ fest» V қалалық фестивалі өтті. Фестиваль аналарымыздан келе жатқан ұлттық тағамдарымызды дәріптеу және еліміз үшін «Бауырсақ» брендин бекіту мақсатында ұйымдастырылған.

Сәл шегініс. Марқұм шешелеріміз «үн деген байлық шақырады, үйден үн үзбегендер» деп отыратын. Жәй айтпаса керек. Бұл орайда ақшаны емес, ырыс-береке деген байлықты меңзесе керек. Бір ғана ұннан бірнеше дәмді тамақ жасауға болатыны белгілі, ет асып, қамыр жаудан бастап, лағман, манты, түшпара, кеспе көже, нан, бауырсақ, бәліш, блины, самса дейсіз бе, дастарханыңыз жайнап шыға келеді.

Бірақ... қазір азық-түлік сататын ірі сауда нүктелерінде, тіпті көше қиылыстарында да ұннан дайындалатын тамақтың бәрі сатылады. Жасыратыны жоқ, біз, қыз-келіншектер «уақытымыз жоқ, күні бойы жұмыста жүріп шаршаймыз» дегенді сылтауратып, көбіміз үйде қамыр илеуден қалып бара жатқандаймыз. Баламен үйде отырғанымыз да дүкенде бәрі самсап тұрған соң, артық қимылдағымыз келмей, дайынға жүгіреміз.

Біздің қолы ұннан босамайтын, оттан шықпайтын шешелеріміздің шелпек, бауырсақ пісіргендері де ғажап еді! Қазіргі біз секілді ұнға сүт не айран, май, жұмыртқа қосып кәделеп жатпайды, қолдан ашытылған табиғи ашытқымен қара суға илей қоятын. Сосын шелпекті оқтаумен жайып та жатпайтын, екі қолды суға малып алып қамырды олай-бұлай созғылап қызып тұрған табаға шығ еткізіп сала қоятын. Оны ойын балалары қазан үстінен таласып-тармасып жеп алатын. Қазір ойлап отырсам, ол бір берекелі шәк сәкен-ау! Ал бүгінде етке салатын жайма



ТАҚЫРПҚА ОРАЙ

Ерұлан ҚАРАҒҰЛОВ,

Алматы сервистік қызмет көрсету колледжінің директоры:

ҚОНАҚЖАЙ БОЛМЫСЫМЫЗДАН АЙЫРМАСЫН!

«Бауырсақ» фестивалін ең алғаш осыдан бес жыл бұрын ұйымдастырған едік. Ол кезде тек өз ішімізде өткізетінбіз. Міне, көріп отырсыздар, биыл аясы кеңейіп, қаладағы өзге колледждер ұжымы да қатысып, өнерлерін ортаға салып жатыр. Бұл фестивальге 100-ден астам педагог, оқушылар қатысуға ниет білдірді. Алматы қалалық әкімдігінің, қалалық Білім басқармасының қолдауымен фестивальдің мәртебесінің биіктегеніне біз де марқайып қалдық. Біз қазақтың қонақжай болмысын насихаттағымыз келеді, осы салада жүрген әріптестерге бір-бірімен тәжірибе алмасуға мүмкіндік жасағымыз келеді. Сол арқылы аспаз мамандығының мәртебесін көтеріп, жастарға үлгі болып, оларды еңбекқорлыққа баулу – басты мақсатымыз.

нанды да сатып аламыз. Дәмі қолдан илеп, ысқанға жетпейтінін біле тұра, тағы сол уақыт жоқ дегенді сылтауратамыз. Қазір үйіңізге қонақ шақыратын болсаңыз, «тапсырыспен бауырсақ, самса, тауық пісіріп, оны дастарханыңызға дейін қойып беретін» қызмет түрі де кеңінен етек жайған. Ал осы тағамдардың иісі мұрынды қытықтап күнде отынның басынан шығып жатса, әлгі айтылған береке, байлық, жылылық деген сол ғой.

Бүгінгі өзгеше фестиваль қыз-келіншектерге әлгіндей олқылықтарымызды ескере жүріп, заман өзгерсе де аппақ ұнның берекесін де ұмытпаңдар дегенді айтып тұрғандай.

«Бауырсақ fest» V қалалық фестиваліне жиналған меймандар, студенттер дастархан үстіне қойылған мол бауырсақтан дәм татты. Ал оған қатысқан мамандар бір ғана ұн өнімінен бауырсақ, шелпек пісіріп қана қоймай, алты қанатты ақ орданы, ақ сәлделі атаны, ақ

кимешекті әженің бейнесін де, жайлау төсіндегі төрт түлік малдың келбетін де, тіпті тербетіліп тұрған алтыбақанды да «пісірген». Кәсіби шеберлікке, шексіз фантазияға «бәрекелді» демесеке амалың да қалмайды.

Фестивальде Алматы қаласындағы колледждердің оқытушылары 3 номинация бойынша сайысқа түсіп, «Дәстүрлі бауырсақ», «Ши бауырсақ», «Авторлық бауырсақ» пісірді. Олардың бауырсақтарын кәсіби наубайхана және кондитерлік технологтардан тұратын қазылар алқасы бағалады.

Фестиваль қорытындысында «Дәстүрлі бауырсақ» номинациясында жеңіске жеткендер: 1-орын – Арай Алмасбек (Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжі), 2-орын – Гүлдана Исенбаева (Алматы облысының қызмет көрсету және тамақтандыру саласындағы инновациялық технологиялар колледжі), 3-орын – Кәмшат Шалданбаева (Алматы сән және дизайн колледжі).

«Ши бауырсақ» жүлдегерлері: 1-орын – Назгүл Құрманғазы (Алматы сервистік қызмет көрсету колледжі), 2-орын – Фарида Әлменова (Алматы сән және дизайн колледжі), 3-орын – Айгерім Нүсіпова (Алматы мемлекеттік бизнес колледжі).

Ал «Авторлық бауырсақ» номинациясында қуанышқа бөленгендер: 1-орын – Динара Күлтаева (Алматы технологиялық-экономикалық колледжі), 2-орын – Аяужан Болат (Алматы сервистік қызмет көрсету колледжі), 3-орын – Әйгерім Диханова (Алматы мемлекеттік бизнес колледжі).

Тәбетті ашар нан өнімдері қойылған ерекше «Art стол» номинациясының жүлдегерлері: 1-орын – Эльмира Малдыбаева, Ұлбала Дәуітбек, Ақнұр Қуандықова (Алматы облысының қызмет көрсету және тамақтандыру саласындағы инновациялық технологиялар колледжі), 2-орын – Гүлжан Иманқұлова, Әмина Ержан, Аружан Қожабек (Алматы сервистік қызмет көрсету колледжі), 3-орын – Олеся Отенко, Бота Қанапиянова, Аяулым Қуаныш (Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжі).

«Бауырсақ» фестивалінің соңы мерекелік концертке ұласты.

P.S. Мұхиттың арғы жағында тамақ пісіретін роботтар шығып жатыр деседі. Беті әрмен, бізге келмей-ақ қойсын! Қазан-ошақтың басында құлтемірлер емес, өзіміздің қазақтың қыз-келіншектері жүрсін деп тілейік. Бір ғана ұнның өзінен ырыс, береке, молшылық, тоқшылық, мейірбандық, бауырмалдық, жылылық таба білген қазақтың дәмі таусылмасын!

НАУҚАН

«ЖАҢҒАҚТЫ КҮЗ»

Алматы хайуанаттар бағында басталған акция осылай аталады

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі БАҚ өкілдері үшін Хайуанаттар бағына арнайы баспасөз туры ұйымдастырған болатын.

Ернұр
РЫСБАЙ

Хайуанаттар бағының орталық кіреберісінде қабылдау пункті орналасқан. Онда кез келген адам жиналған жаңғақтарын тапсыра алады. Қабылдап алушылар жаңғақтарды өлшеп, жануарлар жейтін тағам әкелгендер туралы мәліметтерді жазылып алады.

3 келі жаңғақ үшін бір бала Хайуанаттар бағына билет алады, ересек адамға 7 келі жаңғақ үшін билет беріледі. Билеттерді 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін пайдалануға болады.

Мұндай акция бір жағынан қала тазалығына ықпал етсе, екінші жағынан жануарларға пайдасын тигізбек. Ал сирек кездесетін жануарлар үшін қоректенетін азық болады.

– Қазір саябақтар мен аландардағы жаңғақтар пісті. Алматының көшелері мен тротуарлары үшін бұл қоқыс болып есептелсе,



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ал Алматы хайуанаттар бағындағы бірқатар жануарлар үшін құнарлы калориялы азық саналады. Сондықтан 5 қазаннан 7 қарашаға дейін Хайуанаттар бағы жыл сайынғы «Жаңғақты күз» акциясын өткізеді. Қала тұрғындары мен қонақтарына жаңғақтарды жинауға көмектесулерін сұраймыз, – дейді қоғаммен

байланыс және даму бөлімінің басшысы Ақжам Рахимов.

Акцияны ұйымдастырушылардың айтуынша, науқан соңында іс-шараны қорытындылап, жаңғақты көп жинаған жандарға шағын бағалы сыйлықтармен және грамотамен марапаттайды.

Бірақ мал азығы ретінде тапсырылатын жаңғақтар жануарларды тамақтандыруға жарамды болуы тиіс. Ол үшін мынадай талаптар қойылады. Мәселен, әкелінген өнімдер біріншіден, таза, піскен және құрғақ болуы керек; екіншіден, түсі табиғи, көгермеген болуы шарт, үшіншіден, арасында жапырақ, тас, бұтақтар мен қоқыс болмағаны жөн. Сондай-ақ, улы химикаттармен және пестицидтермен өңделмеген болуы қажет.

Айта кетейік, Хайуанаттар бағындағы жануарларға арналған акция ұйымдастырылған бірінші жылы 3,5 тонна жаңғақ жиналған. 2016 жылы 7 тонна жиналып, рекордтың көрсеткішіне жеткен. Биыл қазан айының басынан бері 473 келі жиналды. Осындай акциялар арқылы Хайуанаттар бағына өз үлесімізді қосуымызға болады.

– Бұл жануарлардың негізгі азығы емес. Акцияның мақсаты – Хайуанаттар бағына келушілерді тарту, әрбір келушінің Хайуанаттар бағының өміріне атсалысушы ретінде сезінуі үшін қолға алынған. Акция алматылықтар арасында кеңінен таралғаны соншалық, қыркүйек айының басынан бастап тұрғындар жаңғақтарды жинап, көп мөлшерде әкелуге тырысады, – деп сөзін толықтырды А.Рахимов.

Жиналған жаңғақтармен бұғы, елік, қабан, ақбөкен, тіпті түйе мен керік секілді тұяқты жануарлар қоректенеді. Сонымен қатар, Хайуанаттар бағында әр жануарға ерекше күтім жасалады.

Баспасөз туры барысында Хайуанаттар бағының қызметкерлері шағын экскурсия өткізіп, журналистерге жануарларды қалай тамақтандыратынын көрсетті.



● МӘСЕЛЕ

Осы күні ең озық деген мемлекеттердің өзінде де тастанды балалар, түсік жасату, нашақорлық, шылымқорлық, ұлттық құндылықтарды сақтау тақырыптары жаһандық түйінді мәселеге айналып отыр. Бұл проблемалардың біздің қазақ қоғамына да салқынын тигізіп отырған жайы бар. Иә, ердің алдынан кесіп өтпеген, шолпысының сылдырын да естіртпеуге тырысқан, сөзі – сынық, ісі – түзік кешегі қазақ қыздарының бүгінгі сіңділері сананы сендей соққан бүгінгі ақпараттану заманында ар тазалығына жеңіл қарайтын жағдайға жетті. Тіпті, бүгінгі күні үйлену тойларындағы ақ көйлек астынан іші домаланып көрініп тұратын қалыңдықтарға да көз үйренгелі қашан!



Суреттерді түсірген Самат ҚУСАЙЫНОВ.

оншақты тәрбиеші қарайтын. Сол кездерде тәрбиешілеріміз біздің сабағымызды ғана қадағалап қоймай, үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу сынды адамгершілік қасиеттерге баулып, тіпті басымыздан сипап еркелете отырып, қалай жүріп-тұруымыз керектігіне дейін ақыл-кеңес беріп, соның орындалуын қадағалап отырушы еді. Әртүрлі тақырыптағы әдеби кітаптарға байланысты конференциялар, диспуттар, тәрбие сағаттары жиі өтетін. Қыздар арасындағы тәрбиеге ерекше көңіл бөлінетін. Соның жемісі болар, біз қызмет еткен тұста мектепте оқушысы екіқабат болып қалыпты деген әңгіме естімейтінбіз. Егер ілуде бір осындай оқиға естіліп қалса, әлдекім тыңдап тұрған жоқ па дегенді, бетімізді басып, сыбырласып, күбірлесіп өзара даурығысып қалатынбыз. Ондай келеңсіз оқиға орын алған мектептің директорынан бастап қатардағы ұстазына дейін жұмыстан босатып жіберетін заман өтті ғой. Осының барлығы сол кездегі ұстаздар мен ата-ана тәрбиесіне байланысты. Сол кезде бала да болсақ, ата-ана, ұстаз алдындағы жауапкершілігімізді, «ұят боладының» астарын кішкентай жүрегімізбен түйсініп өстік ғой. Осы орайда қазақтың «Қызыңды басқа үйге қондырма, ұлыңды басқа үйден таста» деген мағынасы терең мақалы түсіп отырғаны. Ағайын-туыстың үйіне қыдырып, басқа төсекке бой үйреткен қыз бала ертеңгі күні кез келген еркектің үйіне ойланбастан қона салуы мүмкін. Қайран қазекем, кезінде осыны меңзеген болды ғой. Қазіргі атаналардың көбі жұмысбасты. Баласын үйге қалдырып кетеді, әйтеуір дала кезіп кетпей үйде отырса болғаны олар үшін. Гаджеттің де түр-түрі шығып жатыр. Ғаламтормен, неше түрлі сайтпен оңаша қалған баланың ой-санасын не жауап алатынын кім білсін?! – дейді Алматы және Алматы облысы агроөнеркәсіп кешені қызметкерлері кәсіподағының төрағасы Рая Ыдыралиева.

СӨЗІ – СЫНЫҚ, ІСІ – ТҮЗІК

есті қыз етегін жинап ұстаса керек...



ТӘРБИЕНІҢ ШЕГЕСІ БОСАП ТҮР...

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегіне сүйенсек, әлемде жыл сайын 16 миллион жасөспірім қыз жүкті болады. Бұл статистиканың ішінде біздің Қазақстан да бар. Мәселен, жылына елімізде 130 мыңға жуық жасанды түсік жасалатын көрінеді. Мамандардың айтуынша, бүгінде 14 жастағы жасөспірімдердің 10%-ы, ал 15–17 жастағы қыздардың 21%-ы жыныстық қатынасқа түсіп үлгерген. Сондықтан сарапшылар әлгіндей келеңсіз жайттардың алдын алу үшін балаларға жыныстық тәрбиені 12 жастан бастап жүйелі һәм сауатты түрде жүргізу керек дегенді алға тартып отыр.

Есіңізде ме, бұрын ауылға киномеханик үнді фильмдерін жиі әкелетін. Қазіргідей кабельді теледидар не YouTube деген жоқ. Кино келген күні талай шаңырақта қарбалас тірлік басталады. Кешке киноға жібермей қоймасын деп үйдің барлық шаруасын екі еткізбей зыр жүгіріп жүріп тындырып тастайтынбыз. Шелек-шелек су да тасылады; аула да сиыр жалап кеткендей тап-таза, көлденең жатқан шөп таппайсың; қоңыр күбідегі айран да бабына келіп пісіп тұр; сондықтан шешеннің «бармайсың» деп айтуға шарасы қалмайды. Бірақ бір нәрсені ғана шегелеп айтатын: «Клубқа кіргенде үлмен қатар отырма». Неге отыруға болмайды, ол туралы ашып айтпайды да, отырма деді, демек жаман болады, отырмауымыз керек. Ал бүгін тәрбиесіздің шегесі неге босап кетті?.. Кеше ауыл жактан келген мұғалім жеңгеміз «Мектебімізде сегізінші сыныпта оқитын қыздың аяғы ауырлап қалды» деп қалды. Тіпті, мұндай хабарға елең етпейтін де болған сияқтымыз ба, қалай?

«ЖҮБАНЫШЫМ МЕНІҢ»

Бүгінгі күні бізге «азаматтық неке» деген ұғым да таңсық емес. Психологтардың сөзінше, «азаматтық некедегі» қыз-келіншектер көбіне күйеуім бар деп сенеді, ал ерлер жағы оларға тек көңілді десім деп қана қарайды. Азаматтық некеде тұратын әйел мен ерлердің арасынан «мінезіміз жараспаса немесе төсек қатынасында бір-бірімізбен үйлеспейтін болсақ, екі бөлек кете береміз» дейтіндерді көріп, естіп жүрміз. Осындай қарым-қатынастағы ер мен әйелден қандай отбасы, қандай бала тәрбиеленіп шығады? Олардан қандай жауапкершілік күтесіз?

Осы орайда жазда пойызда жолыққан Дария есімді жас ананың әңгімесі есіме оралып отырғаны.

– Жігітімнің қолқалауымен бірге тұра бастадық. Екі жарым жылдан соң аяғым ауырлады. Жігітім: «Әзірге басымызда баспанамыз да жоқ, алдырттып таста», – деді. Көнбеп едім, дауыс көтере бастады. Бәрібір көнбедім. Тым болмаса арамды осы шарана жалғар, үйленуге ұсыныс айтар деп үміттендім. Ішімдегі балаға сегіз ай болғанда жігітім ұшты-күйлі жосғалып кетті. Ата-анам алыста тұратын, шешемді шақырттым. Ол кісі не десін, жылай-жылай жүріп, босанғанымша жанымда болды.

Анамның қолдауымен Әйгерімді өмірге аман-есен әкелдім. Шешем ауылға алып кетіп, бақты. Ай сайын барып тұрдым. Кешегі қаңқу сөздің бәрі артта қалды. «Ит үреді, керуен көшеді» деген сөз рас екен, ел-жұрт мені қашанғы әңгімелей берсін. Сол

кезде жігітімнің сөзіне еріп түсік жасатпағанымға әлі күнге қуанамын. Өзім істегенімді өз мойныммен көтеруге бел байладым. Қылығы да, тілі де сондай тәтті қызым болашақта менің қателігімді қайталамасыны деп күндіз-түні тілеймін. Ол үшін барлық аналық мейірімді де, тәрбиелді де, өмірлік тәжірибемді де арнаймын деп ойлаймын. Саған бақыт сыйлайтын сәбиден артық ешкім жоқ екен ғой. Қазіргі алданышым да, жұбанышым да қызым. Ақша да, мансап та, жаңа көлік те, тіпті сүйдім деген жігітім де бала сыйлайтын бақыттың орнын толтыра алмайды ма деп қалдым, – деген еді ол.

АППАҚ АРҒА ҚОРҒАН БОЛҒАН БЕЛДІК

Иісі қазаққа әйгілі «Қыз Жібек» фильміндегі мына бір эпизодтың еске оралып отырғаны. Кинокартина кадрларының бірінде әлі некесі қиыла қоймаған Төлеген мен Жібектің ортасына жеңелері белдік қоятыны бар еді ғой, есіңізде болар. Төлегендей жігіттің төзімділігіне сын, Жібектей арудың аппақ арына қорған болған сол белдік арқылы халқымыздың ақ некені аттамауды талап еткен тәрбиесін айтпай-ақ тануға болады. Осы орайда ұзақ жылдар білім саласында еңбек еткен зейнеткер-ұстаз, аға буын Рая Мұсақызы не дейді?

– Мен 6-сыныптан бастап интернатта тәрбиелендім. Онда 1–10-сынып аралығындағы 250-дей оқушы болатын. Үлкен-кіші оқушы күндіз-түні бірге, осыныша оқушыға

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сәуле АҚЫЛБАЙҚЫЗЫ, кәсіпкер-ана:

«ЖІГІТ ТЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН ҚАШПАСЫН»

Қыздың болашағын анасы ғана ойлау керек деген дұрыс ұғым емес, әкесі де қызының әрбір қадамын қадағалап, қасынан табылып, әрдайым дұрыс бағыт бере білуге деп ойлаймын. Қыздар арасындағы төбелес, шылым шегу, арақ ішу, ерте жастан жыныстық қатынасқа барып, ерте босану сияқты ерсі қылықтар жыл сайын көбеймесе, азаймай тұр. Кейбір ер-азаматтар да жауапкершіліктен бас тартып, бар қиыншылықты, жаман атты қыздар арқалап кете барады. Біз осы мәселеде неге тек қыздарды кінәлаумен шектелеміз. Қай қыз өз басына осындай абыройсыздықты тілейді дейсіз, жігіттер де жауапкершіліктен қашпағаны дұрыс деп ойлаймын.

СЫРЫМ, студент:

АР-НАМЫС БИІК БОЛҒАЙ

«Малым – арымның садақасы, арым – жанымның садақасы» деп санаған қазақ үшін ар-намыс қашанда биік болған. Ал ар-намыстың бір бөлігі – пәктік. Болашақта әйелдікке алатын қызымның пәк болуы мен үшін маңызды! Қазір шыны керек, қарап тұрған жігітке қыздың өзі артылатын заман болды. Пәктігін әлдеқашан әлдебір қараңғы бұрышта жоғалтып алған қыздар беп-белгілі. «Ох, мына жігіттің астында көлігі бар екен, үйі де бар, мықтап ұстап алайын» деп ойлайтын жеңіл ойлы қыздар ертеңгі күні үлгілі отанасы бола ала ма?! Ал өзін салмақты ұстайтын, анау-мынауға әуестігі жоқ, ашық-шашық киінбейтін, жігіттің «өлдім-өштім, күйем-сүйемін» деген сөзін сабырмен қабылдай алатын, сезімін ақылға жеңдіре білетін ару айлакермін деген жігіттің де қармағына түспейді деп ойлаймын.

«ҮНСІЗ ШЫРҚЫРАУ»

Түсік жасау кезінде жатырда жатқан бала да ауырысуды сезетіндігін медицина әлдеқашан дәлелдеп қойған көрінеді. Американдық Бернард Натансон деген дәрігер ішке біткеніне 12 апта болған балаға жасалған түсікті УЗИ арқылы кинофильм етіп түсіреді. Түсік кезінде әлі жарық дүниеге де келмеген бала пышақтан қашып құтылуға әрекеттеніп, жүрек соғысы екі есеге дейін жиілеп, ауға түскен балықтай бұлқынғанмен, сорғыш-пышақ шарананың денесін шап беріп ұстап алып бөлшектей бастайды. Сол кезде оның аузы жанұшыра қатты шыңғырған адамдікіндей үңірейіп ашылып қалған. Оның дауысын, әрине, ешкім де, анасы да, дәрігер де естімейді... Бұл фильм әлем бойынша «Үнсіз шырқырау» деген атқа ие болған. Осы кезге дейін түсік жасаумен айналысқан, фильмді түсірген әлгі дәрігер жағасын ұстай отырып таубесіне келіп, түсікке қарсы күресушілердің қатарына қосылған көрінеді.

– Жүктілікті жасанды түрде ұзу босанған әйелдер үшін де, бұрын тумаған әйелдер үшін де қауіпті. Бірақ бірінші жүктілікті ұзу жағдайында оның салдары өте күрделі болуы мүмкін. Бұл жас қыздарды бедеулікке әкелуі ықтимал. Статистикаға сүйенсек, түсік жасатқаннан кейін 100 қыздың 25-і ешқашан ана бола алмайды. Сондықтан әйел өміріндегі ең алғашқы жүктіліктің босанумен аяқталғаны абзал. Жүктіліктің ұзудың хирургиялық әдісі да ағзаға айтарлықтай зиянды. Бұл қабыну процестеріне, эндометрияның зақымдалуына және соның салдарынан эндометритке, сондай-ақ етеккір циклінің бұзылуына қауіп төндіреді. Егер жүктілікті ұзуға мәжбүр болған жағдайда, онда медикаментозды әдісті таңдаған дұрыс. Бүгінгі күні заманауи медицина қауіпсіз және тиімді контрацептивтік әдістердің белгілі бір арсеналына ие, ерлі-зайыптылардың жоспарланбаған жүктіліктен қорғану әдісін таңдауға мүмкіндігі мол, – дейді №16 қалалық емхананың акушер-гинекологы Еркежан Төлендинова.

P.S. Бұл тақырып туралы сіз қандай ой айтар едіңіз, құрметті оқырман?



Нұржамал ӘЛШЕВА, журналист.



ЖОЛДАУ – 2023

ӘДІЛ БӘСЕКЕ ЖОЛЫ

Өңдеу өнеркәсібін дамыту – уақыт талабы

Қазақстан өңдеу өнеркәсібін өркендетудің тетіктерін қарастыра бастады. Шикізатты экспорттауды азайтып, импортты алмастыруды ойластырып жатыр. Болашақ үшін кәделі игі іс. Бұл ретте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауы аясында елімізде жүргізіліп жатқан экономикалық реформалардың пайдасы зор. Жақсы тұрмысқа жетудің жолдары пайданы ұлғайтып, шығынды азайтып,



қолда барды ұқсататын кез келген сияқты. Осыған орай белгілі экономист, қаржы саласының маманы **Жасұлан КӨШЕР-БАЕВ** ПЕН әңгімелескен едік.

– Қазақстан нарығында әділ бәсекелестік орнатудың жолдары қандай?

– Әділ бәсекелестік қалыптастыру өте маңызды деп есептейміз. Егер осы ой жүзеге асса, дұрыс экономика мен даму болады. Елімізде бұл бағытта біраз іс-әрекеттер атқарылып келеді. Нақтырақ айтсақ, антимонополиялық органдар, «Бәсекелестікті қорғау туралы заң» бар. Бірақ ең қынжылтатыны, осындай заңдар бола тұра әділ бәсеке ұғымына жете алмай жатырмыз. Соның бірнеше көріністері көзге ұрып тұр. Үлкен компаниялар өздерінің нарықтағы позициясын пайдаланып, бағаны қымбаттатып, дұрыс емес іс-әрекеттер жасауда. Жақында БАҚ беттерінде мынандай ақпарат тарайды. Біздегі мобильді операторлар жүйесі еш негізсіз бағаны 50–100% қымбаттатып жатыр. Яғни баға өссе де, сапа оңбай тұр. Мобильді жүйе, интернет желісінің деңгейі нашарлап барады. Алайда, тарифтері қымбаттауын тоқтатпай тұр. Бұдан шығатын қорытынды – әділ бәсеке әлі де қалыптаса алмады деген сөз. Бұның салдары халыққа ауыр тиеді.

Соңғы кездері құрылыс компаниялары бірігіп елдегі үйдің құнын бірауыздан қолжетімсіз етіп жіберді. Осындай кейстің болуы әділ бәсеке жүзеге аспай жатқандығын аңғартады. Бәсекелестікті қадағалайтын органдарға көбірек құзырет беру қажет. Соның нәтижесінде жедел іске көшіп, баға саясатын тұрақтандыру керек.

Шағын және орта бизнесті дамытқан дұрыс

– Елімізде орта тапты қалай қалыптастыра аламыз?

– Қазіргі таңда орта тап тақырыбы өте өзекті. Бұл экономикалық өсімнің көрсеткіші болып саналады. Сондай-ақ, әлеуметтік тұрақтылықтың болуына жауап береді. Себебі, орта тап тұтынатын тауарларды сатып алуға және сатуға қауқарлы болып келеді. Кез келген елдің экономикасының қарқынды дамуы орта таптың болуымен анықталады.

Орта кластер қалыптасу үшін экономиканың дамуына жағдай жасаған абзал. Бұл дегеніміз, жаңа жұмыс орындарының ашылуы, тұрмыстық жағдайдың түзелуі. Әр компаниядағы жұмыскерлердің білім деңгейі көңіл көншітпейді. Жоғары білімі бар, жаңа технологияларды игерген, ең негізгі ғылымды меңгерген мамандар көп болса дейміз. Әлемде Global innovation index деген ұйым мамандардың біліктілігі мен білімін тексереді. Соның көрсеткіші бойынша Қазақстан – 66-орында. Посткеңестік елдер, ТМД деңгейінде салыстырсақ, Ресей – 26, Беларусь – 31, Украина – 40-шы орындарда, бізден жоғары. Бәрінен артта қалып тұрмыз. Демек, квалификациясы жоғары мамандарымыз өте аз дегенді көрсетеді. Сондықтан білікті кадрлар дайындауды қолға алу аса маңызды.

Кәсіпкерлікке қолдауды барынша мықтап іске асырғанымыз жөн. Дәлірек айтсақ, шағын және орта бизнесті өркендету міндеті тұр. Бір тәжірибе айта өтейік. Оңтүстік Корея 1960 жылдары әлемдегі ең кедей мемлекеттің бірі болды. Сол жылдары әр корей жанұясының табысы 100 долларды құрады. Корейлер 2023 жылы ең бай елдер қатарына кірді. Орташа есеппен алғанда, олардың отбасы-

на шаққандағы бүгінгі табысы 5 мың доллар. Осыдан 60 жылдан астам уақыт бұрын орта тап 10%-ды құраса, қазір 70%-дан асып түседі. Олардың құпиясы – шағын және орта бизнесті мейлінше дамытты. Соның арқасында экономикасы күшейді. Оңтүстік Корея 2000 жылға дейін осы аталған межені еңсерді. Инвестицияға ашық болды, кәсіпкерлерді қолдады. Сөйтіп барып бай елге айналып шыға келді. Біз де осылай дамудың даңғыл жолына түсе аламыз.

Өркениетті елдер тәжірибесіне қарайық

– Дамыған елдердегі инфляциямен күрес тәжірибелері қандай?

– Инфляциямен күресте белсенді жұмыс істеген елдерге қарап көрелік. Бұл бағытта Америка Құрама Штаттары өте белсенді болды. Әсіресе, 2022-2023 жылдары инфляция ырық бермей кеткен-тұғын. Олар қолданған шара – ақша-несие саясатын қатаңдату еді. Яғни АҚШ Орталық банкі пайыздық несиені қымбаттатты. Банкердің несиелері де қымбаттай түсті. Сәйкесінше, мұндай шаралар адамдардың несиесі алуын азайтады. Яки, кредит аз алынған сайын тауарлардың бағасы түсетіні айқын. Қателеспесем, 2023 жылы федералды резервтік жүйе пайыздық несиені 0,75%-ға ұлғайтқан болатын. Соңғы 10 жылда ондай көрсеткіш тіркелмеген еді. Сөйтіп, жағдайды қалыпқа келтірді.

Тағы да бір мысал, ол – Ұлыбритания. Ағылшындар да инфляциядан көп зардап шекті. Жалпы, Еуропаға да оңай соқпады. Олар өздерінің фискалдық саясатын қолға алды. Фискалдық саясат дегеніміз – мемлекет шығындарының салыққа негізделуі. Демек, салықты көбейтіп, мемлекеттік шығындарды азайтты. Соның арқасында инфляцияны ауыздықтап ұстап отыр. Ұлыбритания үкіметі мемлекеттік шығындарды 30 миллиард фунт стерлингке азайтып, инфляциямен күресу жолын таңдады.

Дамыған елдер тәжірибесі осындай. Олардың арасынан оң жамбасымызға қажеттісін бағамдап, іске асыруға болады.

Баспананы субсидиялауға болады

– Тұрғын үй мәселесін жас отбасыларға тиімді жасаудың жолдары бар ма?

– Өте өзекті сұрақ. Тұрғын үй – жас отбасылар үшін ең проблемалық мәселеге айналды. Әрине, мемлекет тарапынан игі істер атқарылып жатыр. Осы орайда кейбір шетелдік модельдері іске асыру тиімдірек болар деп есептейміз. Жас отбасыларға нарықтағы баспана құны тым жоғары. Үйдің бағасын оңтайлы ету үшін бірнеше жолдарды қарастыра аламыз. Белгілі бір деңгейде жастарға үйлі болуға субсидия беруге болады. Бұл модельді Швеция өте жақсы қолданады. Анығырақ айтқанда, 1968 жылдан бастап «Субсидияланған баспана беру» бағдарла-

масы бар. Байқағанымыздай, содан бері жұмыс істеп келеді. Осындай субсидиялау арқасында жас отбасылардың үй алу уақыты 10 жылға қысқарған. Іске асырып отырған бағдарламаның артықшылығы – үйдің құнының 20%-ын Швеция үкіметі өтеп береді. Бұл – жас отбасыларға баспананы нарықтағы бағасынан әлдеқайда арзан алуға мүмкіндік туғызады.

Финляндияда жас отбасыларға көбінесе жеңілдетілген несиесі береді. Мысалға алғанда, нарықтық құнынан 50% жеңілдетіліп беріледі. Мәселен, 1,5%-дық кредит берілсе, соның жартысы 0,8% арқылы несиесі береді. Бұл несиесі ставкасын реттейді. Осылайша әр жастың болашағын қарызбен өткізуіне жол бермейді. Бұл да өте тиімді. Елімізде баспаналы болудың осындай механизмдерін енгізетін кез жетті.

– Болашақта электронды сервистер ұлғайып, қолма-қол ақша айналымы мүлдем жойылуы мүмкін бе?

– Қолма-қол есеп айырысуға байланысты бұндай қауіп жоқ емес. Бұған әсер етуші факторлар – технологияның дамуы. Сонымен қоса, интернет төлем жүйесінің көбейіп, электрондық төлемдердің артуымен тікелей байланысты. Бүгінде электронды төлем оңай, қауіпсіз және ыңғайлы саналады.

Еуропа орталық банкінің дерегінше, әлемде электронды есеп айырысу 73%-ға жеткен. Ал 2008 жылы бұл көрсеткіш 38% болған екен. Көріп отырғанымыздай, содан бері 2 есе өскен. Үстіміздегі жылы олар толықтай электронды төлем жасайтындықтарын мойындады. Тіпті, үлкен сауда орталықтары, мейрамханалары қолма-қол ақшаны қабылдамайды. Осының өзі болашақта қолма-қол ақшаның азаятынын көрсетеді.

Жаңа өнеркәсіп орындарын салу керек

– Өңдеуші өнеркәсіп орындарын неге көптеп сала алмай келеміз?

– Бұған бірінші себеп – инфрақұрылымның төмендігі, ел шекарасының ауқымдылығы, бір облыстан екіншісіне жеткізілудің проблемалары, логистиканың дұрыс дамуы, дайын өнімдерді сақтау, оны экспортқа шығару мәселесінің әлсіздігі.

Екінші себеп – электр энергиясы, жылумен қамтамасыз ету жағы жолға қойылмаған. Негізгі өңдеуші өнеркәсіп жоғары адами капиталды талап етеді. Бізде негізгі фокус шикізат сатуға арналған. Соңғы кездері бұған көзқарас өзгерді. Шикізатты сата берудің тиімсіздігі байқалды. Ендігі кезекте қайтсек те өңдеуші өнеркәсіпті дамытуымыз қажет. Өндіріс орындарын ашайық. Өзіміз өндірген өнім өзімізге жеткілікті болса, өзге жұртқа сатуға жараса, бәсекеге қабілетті жастар қатары артса, білікті кадрлар шоғыры қалыптасса, міндетті түрде бұдан да биік белестерді бағындырамыз анық.

Әңгімелескен Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



(Фото: ашық дереккөз)



АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ

ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІ –
БАСТЫ НАЗАРДА

Наурызбай ауданында бұрын-соңды болмаған арық жүйесі салынып жатыр

Қазіргі кезде Алматы қаласы Наурызбай ауданының 5 көшесінде бұрын-соңды болмаған арық желісінің құрылысы қолға алынған. Бұған аудан тұрғындары өтінім берген, сонымен қатар, үнемі су басатын аумақтарға мониторинг жүргізілген.



Құралай
ЖУМАДІЛОВА

Желілердің жалпы ұзындығы 5 шақырым. Бұл жұмысқа төрт бригада жұмылдырылды. Құрылыс жұмыстары Береке, Ерубаев, Арал, Надыров көшелерінде, сонымен бірге «Alma City» ТҮК Е4 бөлігінде жүргізіліп жатыр. Ал Құлыбеков пен Сәбденов көшелерінде арықтарды қайта жаңартылып отыр. Бұл көшелердегі жұмыстар қазірдің өзінде белсенді түрде жүзеге асырылып келеді.

Ұзақ мерзімді болашақта Наурызбай ауданының тағы 10 көшесінде арық желісінің құрылысын осы жылдың соңына дейін аяқтау жоспарға енген. Бұл жұ-

мыстар 2023 жылға дейін бітеді. Құрылысты аяқтау жоспарланған аумақтардың ішінде Ақанов, Бекешев және Карьерная көшесін атауға болады.

Естеріңізге сала кетейік, 2023 жылдың 10 қазанынан бастап Алматы әкімдігінің қалада түрлі құрылыс-жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде нөсер кәрізін жабдықтау қажеттілігі туралы қаулысы күшіне енді. Оған сәйкес көше-жол желісін салу, реконструкциялау, күрделі және орташа жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде инженерлік коммуникацияларды салудан, реконструкциялаудан және жөндеуден кейін қалпына келтіру жұмыстары кезінде нөсер кәрізін жайластыру көзделеді.

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

СПОРТ КЕШЕНДЕРІ –
ЕЛ ИГІЛІГІНЕ

Алматыда үш жаңа денешынықтыру-сауықтыру орталықтары ашылады

Алматыда жыл соңына дейін күніне 800-ден астам адамға қызмет көрсететін үш жаңа денешынықтыру-сауықтыру кешені ашылады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен қалада балалар мен жастарды қолжетімді спорт секцияларымен қамтамасыз ету, халықты салауатты өмір салтына тарту, ұлт денсаулығын сақтау және арттыру үшін заманауи денешынықтыру-сауықтыру кешендері пайда болады. Олар Медеу ауданының «Алатау» елдімекенінде, Түркісіб ауданының «Жас қанат», Алатау ауданының «Зерделі» шағынаудандарында орналасады.

Алматы қаласының құрылыс басқармасы олардың құрылысы кестеге сәйкес, 2023 жылдың соңына дейін аяқталатынын хабарлады. Биыл қараша айында Алатау және Медеу аудандарында дене шынықтыру-сауықтыру кешендері пайдалануға беріледі. Түркісіб ауданындағы денешынықтыру-сауықтыру кешені жыл соңына дейін тапсырылады.

Бұл спорт кешендерінің ерекшелігі, қалада балалар спортын дамыту үшін мұндай ғимараттар болмаған. Әрбір денешынықтыру-сауықтыру кешені ауданның спорт секцияларындағы барлық базалық қажеттілікті ескере отырып салынған.



«Алатау» елдімекенінде денешынықтыру-сауықтыру кешені 1,42 га жерде салынған, ғимараттың жалпы ауданы 7930 ш.м., жалпы ауысымда шамамен 150 адамды қабылдай алады, екі ауысымдық жұмыс кезінде күніне 300-ге жуық бала қатыса алады.

Аумақтық мүмкіндікті ескере отырып, кешенде: спорт залы, 6 жолға арналған 25 метрлік бассейн, балалар бассейні, денешынықтыру-сауықтыру кешені аумағындағы теннис корты, тренажер залы, күш жаттығулары залы қарастырылған.

«Жас қанат» шағынауданында денешынықтыру-сауықтыру кешені бір ауысымда шамамен 150 адам, екі ауысымда күніне 300-ге жуық баланы қабылдай алады. Кешен учаскесінің жалпы ауданы – 1,36 га, ғимараттардың жалпы ауданы – 7394 ш.м.

Спорт кешені жалпы спорт залынан, 6 жолға арналған 25 метрлік бассейннен, балалар бассейнінен, тренажер залынан, күш жаттығулары залынан тұрады.

«Зерделі» шағынауданындағы денешынықтыру-сауықтыру кешені бір ауысымда 98 адамға есептелген, күніне 196 бала қабылдай алады. Спорт кешенінің ауданы 1,59 га, ғимараттың ауданы – 3220 ш.м.

Спорт бөлмелеріне мыналар кіреді: спорт залы, спорт залы, бокс залы, хореография залы, үстел ойындары залы.

Сонымен қатар, нормативтерге сәйкес барлық денешынықтыру-сауықтыру кешенінде киім-кешек бөлмесімен, душ бөлмелерімен, сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға бейімделген санитарлық тораптармен жабдықталған.

Жалпы, үш кешен базасында спортпен шұғылдану бойынша барлығы 122 топ ашылады. Негізгі бағыттар жекпе-жек, спорттық ойындар, су және басқа да спорт түрлері болады. Осылайша Алматыда күніне 800-ден астам бала мен жасөспірім өте қолайлы жағдайда спортпен шұғылдана алады.

БРИФИНГ

«ЖАСТАР ТӘЖІРИБЕСІ» МЕН «КҮМІС ЖАС»
жобалары жұмыссыздықты жоюды көздейді

Ертең шаһарда ауқымды бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтеді. Жалпы, қалада жұмыссыздықты жою мақсатында тағы қандай іс-шаралар атқарылуда? Қандай мамандықтарға сұраныс жоғары? Осы және өзге де сауалдарға сол сала мамандары Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте жауап берді.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Бүгінгі күні Кәсіпкерлікті дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы шеңберінде субсидияланатын жұмыс орындарына жұмысқа орналасу жүріп жатыр. Соған орай, Алматы қаласының Мансап орталығында жастар мен 50 жастан асқан адамдарды жұмысқа орналастыруға ерекше көңіл бөлінуде.

«Жастар үшін бүгінгі күні «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы өзекті. Бұл – алған мамандығы (кәсібі) бойынша бастапқы жұмыс тәжірибесін алу мақсатында білім беру ұйымдарының жұмыссыз түлектері жүзеге асыратын еңбек қызметінің түрі. Жолдаманы мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі жоқ, бес жыл ішінде оқуын аяқтаған 35 жасқа дейінгі жастар ала алады. Жалақы 12 айдан аспай-



тын мерзімге 40 айлық есептік көрсеткішті – 138 000 теңгені құрайды», – дейді Алматы қаласы Мансап орталығының басшысы Әділет Жаңабаев.

Сондай-ақ, 50 жастан асқан жұмыссыз адамдардың экономикалық белсенділігін арттыруға бағытталған «Күміс жас» жобасы да сәтті жүзеге асырылуда. Азаматтардың бұл санаты ұйымда 36 айдан аспайтын мерзімде жолдама алуға мүмкіндігі бар. Жалақы ішінде субсидияланады, яғни жалақыны жұмыс беруші мен мемлекет белгілейді.

Сонымен қатар, спикер жаппай кәсіпкерлікті дамыту аясында 21–35 жас аралығындағы жастарға шағын несие беру бағдарламасы қарастырылғанын атап өтті. Қарыз 5 млн теңгеге дейінгі көлемде, 5 жыл мерзімге, жылдық 2,5%-бен беріледі.

Микрокредиттер уақыт сұранысына сай өзекті, өміршен, дәлелді, экономикалық тұрғыда негізделген, әлеуметтік маңызы бар, нақты іс-қимылға бақытталған жобаларға беріледі. Бүгінгі күні комиссия 139 жобаны қарап, таразылап, оның ішінде 113 жоба

мақұлданып, оның 62-сі қаржыландырылған.

Мегаполисте жыл басынан бері барлығы 26 бос орындар жәрмеңкесі өткізілген. Оған 10553 бос жұмыс орны бар 1298 кәсіпорын мен мекеме, 27182 адам қатысқан. Нәтижесінде 500-ден астам адам жұмысқа орналастырылып, 200-ге жуық адам кәсіптік оқытуға жіберілген.

«Бос орындар жәрмеңкесін өткізудегі мақсатымыз – жастарды, өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды, жұмыссыз азаматтарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу. Мұндай жәрмеңкелер компания өкілдеріне өз кәсіпорындарының мүмкіндігін таныстыруға жол ашады, ал жұмыс іздеушілер мүдделі жұмыс берушілермен бет-бет диалог орнатып, әңгімелесуден өте алады», – дейді Алматы қаласының Еңбек мобильділігі орталығының бөлім басшысы Алтынай Жүкенова.

Осы орайда айта кетсек, осыдан бір ай бұрын жалпықалалық жәрмеңке өткен болатын. Оған 160-қа жуық жұмыс беруші мекеме қатысып, олар өнеркәсіпте, өндірісте, сауда желілерінде, тамақтану орындарына, медицинада, фармацевтикада, білім беруде 2500-ден астам бос жұмыс орнын ұсынды. 5000-нан астам ізденуші қатысып, кеңес алды, оның ішінде 1000-нан астам ізденуші жұмысқа орналасуға жолдама алды, 230 адам белсенді жұмыспен қамту іс-шараларымен қамтылды.

ҚЫСҚА ӘЗІРЛІК



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ЖЫЛУ МАУСЫМЫ ДЕР
КЕЗІНДЕ БЕРІЛДІ

«Жаз – шананды, қыс – арбанды әзірле» демекші, биылғы қыстың дайындығына қатысты Жетісу ауданы әкімшілігіне хабарласқан едік.



Рая
ЕСКЕНДІР

– Біз негізінен, жылу маусымына дайындық жұмыстарды көктемде бастап кетеміз. Өйткені, құбырлардағы қалған суларды әбден сарқып төккен соң ғана жылу жүйелерінің сапасын тексеруге мүмкіндік туады. Егер жылу құбырлары ескіріп, тозығы жеткен болса, күрделі жөндеу жүргізіп, жаңасына ауыстыра-

мыз. Оның үстіне қанша темір дегенмен құбырларды тот басып, жұқарып, тесіліп кетеді. Мұндай жағдайда жүргізілетін жұмыс та күрделене түседі, – дейді аудандық әкімшілік өкілдері.

Жетісу ауданы бойынша қазіргі таңда 21 жалпы білім беретін мектеп, 22 балабақша, 4 денсаулық сақтау мекемесі бар. Жылу маусымы басталысымен, жылу осы әлеуметтік нысандарға берілді. Әкімшілік өкілдерінің айтуынша, бұған дейін бұл нысандарға жан-жақты тексеру жұмыстары жүргізіліп, жылу маусымына дайын екендігі туралы актілері алынған екен. Содан соң ғана жылу берілген көрінеді. Сонымен қатар, аудандағы 642 көпқабатты үйлерге де жылу өз уақытында беріліп отыр.



ШЕШІМ

КӨШЕНІ ЖАРЫҚТАНДЫРУ

Алматы әкімдігі жеке компанияға
қарсы сотта жеңіске жетті

Үнемі ескерту жолданды

2018 жылы Алматы қаласының Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйым – «Алматы Қала Жарық» ШЖҚ МҚК (АҚЖ) «Алматы қаласының сыртқы жарықтандыруын модернизациялау» жобасы бойынша МЖӨ шартын 3 компания құрамындағы жеке әріптес-консорциуммен жасасқан кезде басталды. Жеке серіктес модернизацияны ғана емес, сонымен қатар қолданыстағы жарық нүктелеріне техникалық қызмет көрсетуді және биылғы жөндеуді өз мойнына алды. 2020 жылы бұл жұмыстардың көлемін 2 еседен астамға арттырды. Бірақ ынтымақтастықтың барлық кезеңінде жеке серіктес МЖӨ объектілерін жобалау, модернизациялау және пайдалануға беру жөніндегі жұмыстарды орындау мерзімін бірнеше рет бұзды. Ал кейбір жұмыстарда ақау болды. Жылдың басында Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы «Алматы Қала Жарық» компаниясымен бірлесіп, жеке серіктес іс жүзінде назар аудармаған жұмыстардың сапасы мен орындалу мерзімі бойынша үнемі ескерту жолдады. Сол үшін де сотқа талап-арыз берілді.

Жеткізушіге қатысты қандай
шағымдар болды?

Шарт жасалған кезде жеке серіктес жыл сайын 5 жыл ішінде (2019–2023 ж.ж.) 8915 жарық нүктесін жаңартуға, яғни заманауи шамдар мен бағаналарды ауыстыруға міндеттелді. 2022 жылдың соңына қарай 35 661 жарық нүктесі, ал 2023 жылдың соңына қарай барлығы 44 576 қосылуы керек еді. Бұл – ынтымақтастықтың негізгі шарттарының бірі. Кейін жеке серіктестің кестеден артта қалуына байланысты модернизациялау бойынша міндеттемелер үнемі ауыстырылып отырды. Мерзімдерді ауыстыру барысында модернизациялаудың соңғы жылына жеке серіктес 22 369 шам, 27 716 бағана және 310 қосымша шам (тротуар аймағын жарықтандыру үшін) орнатуға міндеттелді. Бұл шамамен үш жылдық норма, өткен жылғы жұмыс көлемі бойынша әлі де қарыз бар.

Осы жылдың ортасына қарай жеке әріптестің уәделерін орындай алмайтыны және қалған компоненттерді жыл соңына дейін модернизациялауды аяқтай алмайтыны белгілі болды. Оның үстіне, өткен жылдары мемлекеттік әріптестер міндеттемені орындау мерзімі бойынша жеңілдік алып, жасалған шарт бойынша төлемді уақытылы

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен «Алматы қаласын сыртқы жарықтандыруды модернизациялау» жобасы бойынша МЖӨ шарты бұзылды. Осылайша «Алматы Қала Жарық» МҚК-нің «ABM-Building 2007» ЖШС, «Электрремонт» ЖШС және «ABM-Project» ЖШС 3 компаниядан тұратын жеке әріптес-консорциуммен шартты бұзу туралы талабы қанағаттандырылды. Жеке серіктес шарт бойынша міндеттерін дұрыс орындамады және көшелерді жарықтандыру бойынша туындаған мәселені шеше алмады. Соның салдарынан қала көшелері жарықсыз қалып, тұрғындардың шағымы көбейді.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

жүргізді. Бүгінде соңғы үш айды қоспағанда, шарт бойынша барлық сома төленді. 2019–2023 жылдар кезеңінде әкімдік инвестициялар мен қызмет көрсету шығындарын өтеу есебінен шамамен 27 млрд теңге төледі.

Орындалған жұмыстардың сапасы да төмен. Консорциум орнатылған жабдық бойынша құжаттаманы ұсынбады. Бірде-бір жарық құрылғысы пайдалануға берілмейді және коммуналдық меншікке өтпеді. Жаңартылған шамдар әлі де жеке әріптестің меншігінде.

Тәуелсіз зерттеу нәтижесі

СЖБШ тәуелсіз техникалық тексерістің нәтижесі көңіл көншітпейді. Барлық

тексерілген сыртқы жарықтандыруды басқару шкафында ақау бар. Жөндеп, кейбір жерін толық ауыстыруға тура келеді. Жеке әріптес орнатқан басқару шкафтарының ажыратқышы сапасыз әрі бұл көше жарығының жиі сөнуіне себеп болды. Бірақ ең үлкен алаңдаушылық – қала бойынша СЖБШ ашық қалуы. Ал бұл қала тұрғындары үшін қауіпті. «ABM-Building 2007» ЖШС, «Электрремонт» ЖШС және «ABM-Project» ЖШС-мен МЖӨ шартын бұзу туралы шешім қабылданды. Айтпақшы, «Электрремонт» ЖШС биыл мемлекеттік сатып алу бойынша жосықсыз жеткізушілер реестріне енді.

Сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін жекеше әріптеске берілген мемлекеттік

мүлікті қайтару, шығындарды өтеу, сондай-ақ консорциумға айыппұл санкцияларын салу жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Алматылықтар қандай мәселе
бойынша жиі шағымданады?

Қала тұрғындарының қаланың қоғамдық қабылдау бөлмесіне келіп түскен өтініштерге жасалған мониторинг пен талдау әрбір екінші шағымның жарықтандыру мәселесіне қатысы бар екені анықталды. Бұл жауапты жеке әріптестің өз міндетіне немқұрайлы қарауының салдары екенін көрсетті. 2022 жылдың басынан бастап АҚЖ диспетчерлік бөліміне түскен шағымдар саны 2 есеге артты, бүгінде сыртқы жарықтандыру сапасына 20 мыңнан астам шағым келіп түсті. Жарықтандыру желісіндегі мәселені жоюмен тек 5-6 жөндеу бригадасы айналысты. Ал демалыс күндері бригадалар саны 2-3-ке дейін азаяды. Шарт бойынша сегіз ауданның әрқайсысына 2 жөндеу бригадасы бөлінуі керек.

Қалада көше жарықтандыру
жағдайы қалай
жақсарады?

Алматыдағы көше жарығының жағдайын жақсарту және мегаполис көшелерінде үнемі жарық болуы үшін сыртқы жарықтандыру желілері аудан әкімдіктерінің басқаруына беріледі. Бұл шаралар желілерге қызмет көрсету үшін жаңа келісім-шарттар жасауды жеңілдетеді. Қазіргі уақытта Алматы ауданы әкімінің аппаратымен шарт жасалды. Енді учаскелерге бұрынғыдай 2 бригаданың орнына 5–7 бригада шығады. Тұрғындардың өтінішін орындау уақыты қысқарды: жөндеуге өтініш бойынша жөндеуді күту 7–10 күнді құрайды.

Сонымен қатар, 2 айдың ішінде қаланың орталық көшелері мен аулаларында, саябақтар мен скверлерде шамамен 14 шақырым электр желілері ауыстырылды. Орталық көшелердің үлкен учаскелерінде – Төле би, Гоголь, Молдағұлова, Абай даңғылында 1200-ден астам шам ауыстырылып, жөнделді. Саябақтар мен қала көшелерінде электр жарығының сөнуіне қатысты шағымдарды азайту үшін мердігер көшедегі жарықтандыруды бақылау бағдарламалық жасақтамасын әзірлейтін болады. Сыртқы жарықтандыруды басқару шкафтарын жөндеу және ауыстыру жұмыстары жүргізілуде.

ПРОКУРАТУРА

АЛИМЕНТ
ТӨЛЕМЕГЕН191 адамға іздеу
жарияланды

Еліміз бойынша алимент төлеуден жалтарып жүрген 1618 адам іздестірілуде. Оның ішінде ерлердің саны – 1476, ал әйелдер – 142. Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің статистикалық деректеріне сәйкес, іздеуде жүргендердің көбі 31 жастан 40 жасқа дейінгілер.

Қала бойынша, Астанада – 361, Алматы – 191, Ақтөбе – 143, Қостанай – 140, Жамбыл – 140, Павлодар – 108, Алматы – 102, Маңғыстау облысында 59 адамға іздеу салынған. 2023 жылдың 9 айында СДТБТ-да алимент төлеу жөніндегі міндеттерді қасақана орындамау фактілері бойынша 427 қылмыстық іс тіркелген. Қылмыстық кодекстің 139-бабы бойынша алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу не сол мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Аймақ бойынша мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтардың ең көп бөлігі мына өңірлерде: Маңғыстау – 46, Алматы (о) – 45, Қостанай – 44, Шығыс Қазақстан – 43, Павлодар – 40, Қарағанды – 35, Абай – 32, Ақмола – 26, Солтүстік Қазақстан – 21, Астана (қ) – 17 облыстарында тіркелген.

Осы кезеңде Қылмыстық кодекстің 139-бабы бойынша 207 адам сотталды. 4 адам бас бостандығынан айырылды, 2 адам шартты түрде сотталды, 196 адамның бас бостандығы шектелді, 5-еуі қоғамдық жұмыстарға тартылды.

Жалпы алимент бойынша сот орындаушылардың өндірісінде алимент өндіріп алу туралы 309 670 атқарушылық іс орындауда болды. Бұл ретте балаларға ғана емес, ата-аналарын, жұбайын (зайыбын) күтіп-бағуға алимент өндіріп алынады.

АЛМАТЫ ПОЛИЦИЯСЫ

Қалалық полиция өзбекстандық азаматты ұрлап кеткендерді ұстады. Адам ұрлау туралы ақпаратты «102» операторы тіркеген. Ақтөбе қаласының тұрғыны телефон соғып, оның 23 жастағы ағасын Алматыда ұрлап, BMW көлігімен белгісіз жаққа алып кеткенін хабарлаған.

КҮДІКТІЛЕР ҰСТАЛДЫ

«Әйел адам оған ағасы мен белгісіз біреудің хат алмасқан жазбасын жібергенін айтты. Онда жігітті қорқытып, Шымкент қаласына өз бетімен оралуын талап еткен. Ұрланған адамның Өзбекстан азаматы екені және Шымкенттегі кірпіш зауытында жұмыс істегені белгілі болды.

Жұмыстан шыққан кезде жұмыс берушілер оның төлқұжатын қайтарудан және төлем жасаудан бас тартты. Сондықтан жігіт Өзбекстан елшілігіне хабарласу үшін Алматыға қайтып кеткен. Келіп түскен дабылдан соң Алматының ҰҚҚБ мен Әуезов аудандық полиция басқармасының қызметкерлері Шымкентке барды, онда 31, 29, 31 жастағы үш жұмыс беруші ұсталды. Оларға айып тағылды. Олардың басқа да ықтимал қылмыстарға қатысы бар-жоғы тексерілуде», – деді Алматы қалалық ПД басшысының орынбасары Дидар Аханов.

Бетті дайындаған
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



РЕСПУБЛИКА МАҚТАНЫШТАРЫ

БАҒЫ МЕН БАБЫ КЕЛІСКЕН БАҚТИЕР

құрамаға жеңіс әкелді

Футболдан Қазақстан құрамасы тағы да бір тарихи жеңіске жетті. Біздің жігіттер Финляндия командасын 1:2 есебімен сыртқы алаңда жеңді.

Еуро-2024 іріктеу турнирі аясындағы кезекті ойындарын өткізу үшін Магомед Адиев бастаған Ұлттық құрама ойыншылары Еуропаға аттанған еді. Бұған дейін турнирдің 6 ойынында 4 рет жеңіске жеткен футболшыларымыз 7-ші ойында сүрінді. «Н» тобының фавориті – Дания алаңында өткен ойын 3:1 есебімен Скардинавия елінің пайдасына шешілді. Даниялықтар «Астана аренада» кеткен еселерін қайтарып, ұпай саны бойынша көш бастады.

Бұл жеңілістен кейін Қазақстан құрамасының келер жылдағы Еуропа чемпионатына іріктеліп өтуі қиындай түсті. Дегенмен, турнир барысында ел жанкүйерлерін талай сенсациямен таңқалдырған Ұлттық құрамаға сенім қазақстандықтар арасында жоғалған жоқ. Арқаға артылған жауапкершілікті түсінген құрама ойыншылары да бұл жеңілістен кейін еңселерін түсірмей, келесі матчты өткізу үшін Финляндияның Хельсинки қаласына келді. Өткен ойында Словениядан 3:0 есебімен ойсырай жеңілген финляндиялықтар да қазақстандықтарға қарсы кездесуге тап-тұйнақтай дайындықпен келгені сөзсіз. Осылайша ұпай саны бойынша тең, топ тізімінде көрші тұрған екі команда «Олимпия» стадионында кездеседі.

Алаң иелері матч басынан-ақ Қазақстан футболшыларын қыспаққа алып, ұдайы шабуылдаумен болды. Команда қорғаушылары мен құрама қақпасысы Игорь Шацкий ақ жеңілді қарсыластарының қысымына алғашқы 20 минутта жақсы төтеп бергенімен, кездесудің 28 минутында алаңның сол жақ қапталынан айып добын тепкен Роберт Тейлор өз командасын алға шығарады. Есеп ашылған соң, ойын өрби түсті. Өзара өткір шабуылдар көбейді, әсіресе біздің жігіттердің белсенділігі артты.

Дегенмен, бірінші таймның соңына дейін есеп өзгермеді. Кездесудің екінші жартысы да Магомед Адиев шәкірттерінің шабуылымен басталды. Десе де, Финляндия қорғанысы сыр бере қоймады. Есепті теңестіру үшін біздің жігіттерге бірде бақ, бірде бап жетіспей тұрғандай көрінді. Екінші тайм бел ортасынан аса бергенде мұндай бақты қарсылас қорғаушысы Йенсен сыйлады. Айып алаңында Марочкинмен таласқа түскен ол допқа қолын тигізіп, алаң иелерінің қақпасына пенальти қойылады. Мұндай мүмкіндікті пайдаланған Бақтиер Зайнутдинов 11 метрлік допты дәл орындап, 77 минутта есепті теңестіреді. Еңсесі көтерілген қазақстандық ойыншылар бұл қарқыннан қайтпай, Градецки қақпасына одан әрі шабуылдай түседі. Нәтижесінде матчтың 89 минутында бұрыштамадан берілген Рамазон Оразовтың пасы Зайнутдиновқа дәл жетіп, Бақтиер ойындағы екінші голын соғады.

Зайнутдиновтың екінші добынан кейін есеп өзгерген жоқ. Ұлттық құрама осы іріктеу турнирінде тағы да камбэк жасап, «Олимпия» стадионында 1:2 есебімен жеңіске жетті.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Берік УӘЛИ,
ҚР Президентінің
кеңесшісі – Президенттің
Баспасөз хатшысы:

Әр ойыннан
жеңіс күтеміз

Барша футбол сүйер
қауымды ұлттық құра-
мамыздың тарихи

жеңісімен құттықтаймын! Мұндай іріктеу кезең тарихымызда болған емес, бұл зор жетістік. Шыны керек, іріктеу кезеңінде 15 ұпай деген өңіміз түгілі, бұрын түсімізге де кірмейтін. Қазір әрбір ойыннан жеңіс күтетін болдық. Енді құрлық чемпионатына екі маңызды қадам қалды. Ұлттық құрамамызға сәттілік тілеймін!

Турнирдегі 8-ші ойын нәтижесі бойынша Қазақстан 15 ұпай жинап, «Н» тобында үшінші орынға көтерілді. Солтүстік Ирландияны жеңген Словения 19 ұпаймен топта бірінші тұрса, Сан-Маринодан басым түскен Дания құрамасы 19 ұпаймен екінші орынға жайғасты. Енді 18 қараша күні Қазақстан–Сан-Марино, Дания–Словения және 21 қараша күні Словения–Қазақстан, Дания–Солтүстік Ирландия ойындары өтеді. Біздің жігіттер айтылған 2 ойында жеңіске жетіп, тікелей бәсекелестерінің бірі сүрінер болса, Қазақстан өз тарихында алғаш рет Еуропа чемпионатына жолдама алады.

Айта кеткен жөн, екі голдың авторы атанған Бақтиер Зайнутдинов тарихи көрсеткішке қол жеткізді. Ол ұлттық құрама тарихындағы үздік сұрмерген атанды. Зайнутдинов құрама сапындағы 13 және 14-шы голдарын соғып, Руслан Балтиевтің (13 гол) рекордын жаңартты.

– Бақтиеріміз ойын басталмай тұрып өте әсерлі сөздер айтты. Бас бапкер мықты мотиватор екені бәрімізге мәлім, кейде керекті сөздерді қайдан табады екен деп ойлаймыз. Оның сөздері ойынымызға күш береді. Бақтиеріміз бірінші таймнан кейін де жақсы сөз таба білді. Біз алаңға сенімді шығып, жеңіске жеттік. Руслан Тахирұлының рекордын жаңарту мен үшін үлкен құрмет. Мен ол кісінің ойындарын көріп өстім, – деді Б.Зайнутдинов.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

Алматыда Азия жарысына
жолдама ойнатылды

Алматыда 17-18 қазан аралығында ADD Алматы үстел теннисі орталығында 2012 жылы туған және одан кіші спортшылар арасында Hopes and Cadet Week & Challenge республикалық іріктеу турнирі өтті.



Халықаралық үстел теннисі федерациясының (ITTF) Hopes бағдарламасы – бұл жарыстар мен турнирлерде өзінің жоғары әлеуетін көрсеткен көптеген әлемдік деңгейдегі ойыншыларға трамплин ретінде қызмет етіп келе жатқан жаһандық таланттарды анықтау жобасы.

Айта кеткен жөн, өткен жылы жастар арасында әлем чемпионы атанған Алан Құрманғалиев 2019 жылы осындай

жобаға қатысып, әлемдік Hopes Week ойыншысы атанған болатын.


Бұл жолы ADD орталығында Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан және әртүрлі облыстарынан келген 50-ге жуық тен-

нисші жиналды. Жарыс нәтижесі бойынша жеңімпаздарға Орталық Азияның – «Central Asia Regional Hopes and Cadet Week & Challenge» (Ташкент, 23–30 қазан) турниріне 4 жолдама (2 ұл және 2 қыз) берілді.

ТЕННИС

ТУРНИР ЧЕМПИОНЫ
АТАНДЫ

Жас теннисшіміз Испаниядағы турнирдің жеңімпазы атанды.



Қазақстандық теннисші Ямин Дүйсембаева Испанияның Санта Понса қаласында 12 жасқа дейінгілер арасында екінші санаттағы Tennis Europe сериясы бойынша өткен турнирдің чемпионы атанды. Қазақстан теннис федерациясы мәлім еткендей, Ямин финалда Болгария өкілі Майя Михованы 7:5, 6:2 есебімен жеңді.

Ұлдар арасында тағы бір қазақстандық Ахмади Маханов финалға дейін жетіп, қорт иесі Томас Мартинге жол берді – 1:6, 1:6. Де-

генмен, жерлесіміз жұптық сында ірі жеңіске жетті. Ахмади жұптық жарыста Балқан Нұрәулетпен бірге шешуші бәсекеде словакиялық Леонард Нипц – украиналық Егор Романотты 6:1, 6:2 есебімен ұтып, жеңімпаздар қатарына қосылды.

Әдемі Әлсейпулова нидерландтық Пиппа Фенниспен бірге финалда испаниялықтар Пелас – Бельтранға есе жіберді – 3:6, 4:6.

Бетті дайындаған Досбол АТАЖАН.



● ӨТПІҢ, ДҮНИЕ...

«БОСТАНДЫҚ
ЖЫРЫНЫҢ
БОЗ ЖОРҒАСЫ»

Алаш жұрты еркін ойлы
қаламгер, айбоз ақын
Несіпбек Айтұлын
ақтық сапарға шығарып
салды

Қазақтың танымал ақыны, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, ақын Несіпбек Айтұлы кең тынысты эпикалық поэмалары мен лирикалық өлеңдері арқылы еліміздің тәуелсіздігінің жыршысына әрі жаршысына айналған төкпе ақын болатын. Әріптестері мен замандастары оны «Бостандық жырларының боз жорғасы» деп атайтын. Ақын туралы зерттеулер осы аттас кітапта топтастырылып, оқырманға жетті.

Н.Айтұлы 1950 жылы 22 қыркүйекте Шығыс Түркістанның Тарбағатай аймағында дүниеге келген. Бірінші мүшелге кірісімен ата-анасымен атамекеніне оралып, бұрынғы Семей облысы, Шұбартау ауданы, Баршатау ауылына келді. Поэзиядағы бастапқы қадамы қара өлеңмен басталып, аудандық газетте жарық көре бастады. Несіпбектің өлеңге үйірсеңдігі атасына да, нағашысына да тартса керек. Еңбек жолын 1967 жылы Шұбартау аудандық «Жаңа өмір» газетінде әдеби қызметкерліктен бастады. Тырнақалды туындысы «Балалық» өлеңі осы газетте жарияланды. Талантты жас ақынның әдебиет әлеміндегі жаңа өмірі, міне, осылай «Жаңа өмірден» басталды.

1969 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Журналистика факультетіне оқуға түсті. Студент шақтан-ақ «Жас Алаш» газетінде өлеңдер топтамасы жарық көрді. 1973 жылы «Балдырған» журналының Бас редакторы, ақын Музафар Әлімбаев студент Айтұлын жұмысқа шақырып, журналдың әдебиет бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеді. Несіпбек Айтұлы осы журналда балалар поэзиясы бөлімін басқарып, балалар шығармашылығында шыңдалды.

Несіпбек Айтұлы «Алғашқы жол», «Көктем тынысы», «Уақыт жаңғырығы», «Өке туралы сыр», т.б. кітаптарының авторы. 1988 жылы жазушының бастауыш мектеп оқушыларына арналған «Күміс күйме» өлеңдер жинағы орыс тілінде жарық көрді. Н.Айтұлы 1997 жылдан 2001 жылға дейін «Қазақ әдебиеті» газетінде сын бөлімінің, «Жұлдыз» журналында поэзия бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеді. 2001 жылдан бастап Астана қаласындағы Еуразия ұлттық университетінде, Президенттік Мәдениет орталығында қызмет атқарды. Өмірінің соңғы жылдарында «Алтын тамыр» журналының Бас редакторы болды. Ол ән-өлең жанрына да ерекше үлес қосқан ақын. «Өн домбыра», «Сарыарқа», «Дәурен-ай», «Арман», «Дариға, дәурен», «Қазақтай ел қайда» сияқты туындылары халық сүйіп айтатын әндерге айналған.

Н.Айтұлының «Бас сүйектері», «Жасынның сынғы» «Найзағай» поэмаларынан басқа «Көз жасым», «Бөрітостаған», «Құланойнақ», «Бөгенбай», «Бердіқожа», «Шақантай», «Бәйтерек», «Қара-өткел қырғыны» секілді шығармалары бар. Ол «Мұхтар мен Абыз» толғауы үшін Әуезовтің 100 жылдығына арналған мүшәйраның бас жүлдесі мен 2001 жылы «Мұқағали-Желтоқсан» поэмасымен республикалық әдеби конкурстың сыйлығын иеленді.

Ақынның денесі Астана маңындағы Ұлттық пантеонға жерленді. Бақұл бол, Нес-аға! Көзден кетсеңіз де, құнды шығармаларыңызбен ел-жұртыңыздың көңілінен кетпейтініңізге бек сенімдіміз.

«Alatau Aqparat»
медиахолдингінің ұжымы.

● ЕҢБЕК АДАМЫ

«ӘДЕБИЕТ – АРДЫҢ ІСІ,
ҰЛТ ТАРИХЫН ЖАЗУ – ЕРДІҢ ІСІ»

Тарихшылардың тұтас бір жаңа шоғырын
қалыптастырған тұлға

Отандық тарих ғылымының дамуы, өркендеуі жолында аянбай еңбек еткен тарихшы ғалымдарымыз аз емес. Олар өздерінің білімі, қажырлы еңбегі, табиғат берген талантының арқасында ел тарихын зерттеу ісімен айналысты және республикамыздың сан-салалы ғылымы мен мәдениетінің өркендеуіне де зор үлес қосты. Осы орайда «Ұстазды өле-өлгенше мадақта, сол емес пе сені қосқан санатқа» деген халқымыздың қанатты сөзін басшылыққа ала отырып, айтулы ғалым, көрнекті педагог-ұстаз Ханкелді Махмұтұлы Әбжанов жөнінде сөз етсек дейміз.



Ханкелді Махмұтұлының университет ұжымы алдындағы дәрісі сәтінен. 2019 ж.

Өзімнің жоғары оқу орнын бітіріп, еңбекке араласқан кезім сексенінші жылдардың аяғы, тоқсаныншы жылдардың бас кезі еді. Бүгінгі Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде ұстаздық жұмысты бастағаннан кейін, ұстаздық жұмыс пен ғылыми жұмысты қабаттастыра алып жүру міндет екені белгілі жағдай. Кандидаттық ғылыми жұмысты бастасам деген оймен, өзін сыртынан құрмет көрсетіп жүретін, республикамызға белгілі ғалым, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, тарих ғылымының докторы, профессор Рамазан Бимашұлы Сүлейменов ағамыздың Ғылым академиясындағы есігін қақтым.

Қашан да ізетті, мәдениетті, айтулы ғалым жақсы қарсы алды. Менің кандидаттық зерттеу жұмысымен айналыспақшы екенімді және жетекші болуға өзіне өтініш жасай келгенімді білгеннен кейін ағамыз: «Мен сен секілді жас кезімде Мұхтар Омарханұлына өтініш айта барғанымда, ол кісі өзіңді қызықтырып жүрген бірнеше тақырыптарды алып кел, содан соң ішінен біреуін таңдармыз деп еді. Содан соң мен жиырмаға жуық тақырыптарды таңдап, апарғанымда арасынан біреуін алып, жұмысты бастап кетіп едік. Сен де солай жаса, өзіңнің жаныңа жақын бірнеше тақырыптарды таңдап алып кел, арасынан біреуін қарастырамыз», – деді. Содан ары ізденіп, тақырыптарды қарастырып дегендей, ағамызға қайта барғанымда, ол кісі ауруханаға түсіп қалыпты. Айтулы ғалымның ауруханадан жазылып шығуын күтіп жүргенімде, ағамыздың мезгілсіз қайтыс болып кеткенін естіп білген едім. Осылайша көрнекті ғалымның жетекшілігінде ғылыми жұмысты бастасам деген ниетім іске аспай қалды.

Араға біраз уақыт салып, ғылыми жұмыспен айналысу үшін қазіргі Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтына барғанымда университетте сабақ берген ұстазым Нұрсейіт Тұрбайұлын кезіктіріп, мән-жайды айтқанымда, ол кісі: «Мен сені жақсы ғалыммен таныстырайын, білікті маман қорғатып шығарады», – деп, Ханкелді Махмұтұлымен таныстырған болатын.

Ұмытпасам, бұл – 1992 жыл еді. Ханкелді ағамен жақын танысқаннан кейін білгенім, бұл кісінің ғылым жолындағы ұстазы Рамазан Бимашұлы болған екен. Кандидаттық және докторлық диссертациясын айтулы ғалымның жетекшілігімен қорғаған. Яғни айтулы ғалымның ұстаздық шеберханасынан өткен. Сөз орайы келгенде айта кетейін, Ханкелді Махмұтұлы Астана қаласындағы ономатикалық комиссияның мүшесі болған кезінде жұс-жігер сала жүріп, бас қаламыздағы көшелердің біріне Рамазан Сүлейменовтың атын

бергізген еді. Және тұлғаның жарқын бейнесін ашқан «Академик Рамазан Сүлейменов» атты (Б.Исабекпен бірге) зерттеу еңбегін жарыққа шығарды. Ұстаз алдындағы құрмет пен адалдық осындай-ақ болар. Тағдырдың жазуымен Рамазан Бимашұлы ұстазым болмаса да, оның шәкірті Ханкелді Махмұтұлымен жолыққанымды жақсылыққа баладым. Жақсылыққа жорыған көңіл алдамапты, бүгінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, тарих ғылымының докторы, профессор Ханкелді Махмұтұлы Әбжановтың жетекшілігімен кандидаттық диссертациямды сәтті қорғап, ғылым жолына қадам бастым.

Ханкелді Махмұтұлы туралы айтқанда ең бірінші кезекте отан тарихының ауыр жүгін арқалаған айтулы ғалым екендігін сөз етеміз. Ә.Марғұлан, Қ.Ақышев, Р.Сүлейменов, М.Қозыбаев, К.Нұрпейіс, Ж.Қасымбаев сынды тарланбоз алдыңғы буын әйгілі ғалымдар мен қызметтес, әріптес болып еңбек етіп, тәрбиесін алды, тағылымынан өтті. Бүгінде сол тұлғалардың ісін одан әрі жалғастырып, тарих ғылымына деген адалдығын танытудан тайған емес. «Тарих ғылымы қасиетті ғылым. Ол бұра тартуды да, әсіре бояуды да, «ақсақты тындай, өтірікті шындай» соғуды да көтермейді. Оның өлшемі – шындық, ақиқатқа жүгіну» деп, тарих ғылымының басты қағидалары адалдық, ақиқат, шындықты ту еткен ғалымның қаламынан Қазақ халқы тарихының іргелі мәселелері мен «ақтаңдақтары» жоюға арналған 600-ден аса ғылыми және ғылыми-көпшілікке арналған зерттеулері мен 10-нан аса құнды монографиялық жеке еңбектері жарық көрді.

Оның сыртында, Ханкелді Махмұтұлының қаламынан туған 600-ге жуық ғылыми және ғылыми көпшілік зерттеулердің әрқайсысының көтерген жүгі бір төбе. Бұларда ел мен жердің мәдениеті мен зиялы қауымын тарихи тағдыры, отандық тарихты зерттеуде кенжелеп қалған тақырып, отандық тарихты жазудың теориялық-әдістемелік негіздері мен ұстанымдары, ұлттық идея мен элитаның, тұлғатанудың өзекті мәселелері көтерілген. Әсіресе, ғалымның С.Асфендияров, С.Сейфуллин, Д.Қонаев, Ж.Тәшенов, Қ.Сәтбаев, Р.Сүлейменов сынды ұлт зиялыларының тұлғасын танытуға бағытталған зерттеулері аса құнды. Ханкелді Махмұтұлының салмақты ой-түйіндерге толы еңбектері орыс, ағылшын, араб, ұйғыр, түрік және басқа да тілдерге аударылды.

Ханкелді Махмұтұлының өмір тарихының екінші қыры ұрпақ тәрбиесі мен шәкірттеріне білім беруге арнаған ұстаздығында. Ғылым мен ұстаздықты қатар алып жүрген ғалымның білім саласына да бергені ұшан-теңіз. Ханкелді Махмұтұлы 1976 жылы Әл-Фараби атындағы

Қазақ ұлттық университетінің Тарих факультетін үздік бітірген соң, еңбек жолын сол кездегі Целиноград инженерлік-құрылыс институтындағы «Философия және ғылыми коммунизм» кафедрасында оқытушы болып бастаған еді. Осылайша ғылым мен ұстаздықтың қызықты да қиын ұзақ жолы басталып кетеді.

Аталған институтта 5 жыл шәкірт тәрбиелегеннен кейін, ғалым ретінде қалыптасып, таза ғылыммен айналысуы үшін әсем Алматыға қайта оралады. Өзі түлеп ұшқан университетте екі жыл дәріс беріп, 1979 жылы Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтына ауысқан болатын. 90-жылдардың басында жоғары оқу орнына ауысып, ғылым мен шәкірт тәрбиелеуді қатар алып жүрді. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде алты жылдай «Тарихнама және деректану» кафедрасының меңгерушісі болса, кейіннен Астанаға ауысып, Л.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетіндегі «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі болды. Осы жылдары Ханкелді ағаның алдынан өткен, дәрісін тыңдаған шәкірттері бүгінде тарих саласының білікті мамандарына айналды.

Бір парасы ғылымға ден қойса, бір парасы ұстаздық жолын таңдады. Қазақта «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деген сөз бар емес пе. Жан-жақты, білімді ұстаздың алдын көрген кешегі студенттер бүгінде тарих ғылымының дамуына өз үлесін қосып жүр. Ханкелді аға өз шәкірттері арасынан 15 ғылым докторына және 40 ғылым кандидатына жетекшілік жасап, қорғатып шығарды. Былайша айтқанда, тарих ғылымы саласын зерттеуші ғалымдардың тұтас бір жаңа шоғыры қалыптасты десек болады.

Ханкелді Махмұтұлының ғылыми-педагогикалық жұмысы барысындағы еңбектерінің тағы бір саласы жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жазуы. Қазіргі таңда еліміздегі жоғары оқу орындарының студенттері жоғары оқу орындарының тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арналған «Қазіргі Қазақстан тарихы» оқулығын (Б.Алған, Д.Махат авторлықта жазған) кеңінен пайдаланып келеді. Оқулықта тәуелсіз еліміздің мемлекеттік-саяси тұрғыдан дамуы, мемлекеттік стратегияның маңызды тұстары, Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты, мәдени-рухани өмірі кеңінен қарастырылған.

Ғалымның еңбек жолына қарап отырсақ, қандай қиын-қыстау кезең болса да, оның ғылымға, тарих саласына адал болғанын көреміз. Тәуелсіздік алып, ел нарық заманына көшіп жатқан кезде, ең тұралаған салалар – білім мен ғылым болғаны белгілі. Десе де, өз ісіне берілген Ханкелді Махмұтұлы сынды азаматтар саланы тастап кеткен жоқ. Қайта болашақ тарихшыларды дайындауға барын салып келеді. Ханкелді ағаның ұдайы көтеріп келе жатқан мәселелерінің бірі ұстаздардың материалдық жағдайы болса, екінші жағынан оларға бөлінген ауыр жүктемеден босатып, ғылыммен айналысуға мүмкіндік беру. Яғни ауыр жүктемеден оларды арылтып, жүктеме мөлшерін азайтып, олардың шығармашылық жұмыспен айналысуына мүмкіндік жасау болды.

«Әдебиет – ардың ісі, ұлт тарихын жазу – ердің ісі» деген ғалым соңғы жылдары Мемлекет басшысының Жарлығымен құрылған «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау» жөніндегі мемлекеттік комиссияның мүшесі ретінде қомақты, әрі көкейтесті ойларыммен, терең зерттеулеріммен, құнды ұсыныс пікірлерімен теледидар, радио беттерінде сөйлеп, баспасөз бетінде жиі мақалаларын жариялап келеді.

Үлкенге ізетті, кішіге құрметті ұстазым жөнінде тағы бір айтарым, оның адамгершілік қасиеті. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей, оның қарапайымдылығы, кішіпейілділігі, адамды өзіне тартар жайсаң мінезі, ақыл-кеңесін аямайтын қамқорлығы бар болмыс-бітімін ашып тұр. Қарапайымдылық пен даналықты, інілік пен ағалықты, адалдық пен достықты қатар ұштастыра білген айтулы тұлға, әріптестері мен достары арасында үлкен құрметке ие.

Досалы САЛҚЫНБЕК,
Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-нің
профессоры, Қазақстан педагогикалық
ғылымдар академиясының академигі.



ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2024 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет.

2023 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе alatayaqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

65503 | Жоңа жазылушылар үшін

6433,44 теңге

95503 |

Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін

4033,44 теңге

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін **post.kz** сайтынан немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша **Post.kz** қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Жазылушылар назарына!

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Almaty aqshamy» газеті аптасына 2 рет (сейсенбі, жұма) шығады.



Алматы қаласы Алмалы ауданы аумақтық сайлау комиссиясының шешімімен 2023 жылғы 29 қазанға тағайындалған Алматы қаласы мәслихаты депутатының сайлауында дауыс берудің басталу және аяқталу уақыты өзгертілген сайлау учаскелерінің тізбесі

Аудан	Сайлау учаскесінің нөмірі	Дауыс беруге арналған үй-жайдың орналасқан жерінің мекенжайы	Дауыс беруді бастау уақыты	Дауыс беруді аяқтау уақыты (егер тізімге енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берсе)
Алмалы	76	«Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамының ғимараты, Абай д-лы, 91	07.00	кез келген уақытта
Алмалы	78	«Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы» ШДЖК РМК ғимараты, Амангелді к-сі, 88	07.00	кез келген уақытта
Алмалы	92	Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы бойынша Департаментінің тергеу изоляторының ғимараты, Қарасай батыр к-сі, 70	07.00	кез келген уақытта
Алмалы	94	«№1 қалалық перзентхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның ғимараты, Сейфуллин д-лы, 492	07.00	кез келген уақытта
Алмалы	96	«Қалалық шұғыл көмек көрсету ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның ғимараты, Қазыбек би к-сі, 96	07.00	кез келген уақытта
Алмалы	97	«Қалалық кардиологиялық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның ғимараты, Төле би к-сі, 93 Б	07.00	кез келген уақытта
Алмалы	98	«Құрмет Белгісі» орденді Қазақ көз аурулары ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамының ғимараты, Төле би к-сі, 95 А	07.00	кез келген уақытта
Алмалы	99	«Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамының ғимараты Әйтеке би к-сі, 120	07.00	кез келген уақытта
Алмалы	100	«Қалалық ревматологиялық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның ғимараты, Құрманғазы к-сі, 98	07.00	кез келген уақытта
Алмалы	107	«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5571 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің ғимараты Масаншы к-сі, 16	07.00	кез келген уақытта
Алмалы	112	«Орталық клиникалық аурухана» акционерлік қоғамның ғимараты, Панфилов к-сі, 139	07.00	кез келген уақытта
Алмалы	116	«Қалалық адам ұрпағын өрбіту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның ғимараты, Төреқұлов к-сі, 73	07.00	кез келген уақытта
Алмалы	119	«А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы» акционерлік қоғамның ғимараты, Желтоқсан к-сі, 62	07.00	кез келген уақытта
Алмалы	630	Алматы қаласы Полиция департаментінің уақытша ұстау изолятордың ғимараты Масаншы, 57 А	07.00	кез келген уақытта

Алматы қаласының №4 бірмандаттық аумақтық сайлау округінің сайлаушыларын 2023 жылғы 29 қазанға тағайындалған Алматы қаласы мәслихатының депутатын сайлауында дауыс беру уақыты мен орны туралы хабарлар ету

Сайлау күні: 2023 жылғы 29 қазан. Дауыс беру уақыты: егер сайлау учаскесінде қосымша жарияланған тізімге сәйкес, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңында белгіленген тәртіппен дауыс беру уақыты өзгертілмеген болса, сағат 7.00-ден 20.00-ге дейін өтеді. Аталған сайлау учаскелерінің тізімі қосымша жарияланады.

Аудан	Сайлау учаскесінің нөмірі	Дауыс беруге арналған үй-жайдың орналасқан жерінің мекенжайы
Алмалы	75	«Қазақ спорт және туризм академиясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының ғимараты, Абай д-лы, 85/105; 292-38-21
Алмалы	79	«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» акционерлік қоғамының ғимараты, Мұратбаев к-сі, 200; 292-42-05
Алмалы	80	«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының №8 жатақханасының ғимараты, Құрманғазы к-сі, 113А; 292-10-21
Алмалы	82	«№8 мектеп-гимназия» КММ ғимараты, Қабанбай батыр к-сі, 125/105А; 248-38-00
Алмалы	83	«Алматы көлік және коммуникациялар колледжі» МКҚК ғимараты, Жамбыл к-сі, 102; 292-30-14
Алмалы	84	«Логистика және көлік академиясы» акционерлік қоғамының ғимараты, Шевченко к-сі, 97; 351-46-44
Алмалы	85	«№8 мектеп-гимназия» КММ ғимараты, Қабанбай батыр к-сі, 125/105А; 236-04-61
Алмалы	86	«Б.Атығанұлы атындағы №36 гимназия» КММ ғимараты, Масаншы к-сі, 70; 272-05-61
Алмалы	88	«Евразия технологиялық университеті» ЖШС ғимараты, Төле би к-сі, 109; 321-22-22
Алмалы	90	«Б.Атығанұлы атындағы №36 гимназия» КММ ғимараты, Масаншы к-сі, 70; 248-63-71
Алмалы	91	«Алматы» мұражай ғимараты, Қабанбай батыр к-сі, 132
Алмалы	93	«Сұлтан-Ахмет Қожықов атындағы №39 мамандандырылған лицей» КММ ғимараты, Төле би к-сі, 74/1; 272-11-18
Алмалы	95	«№ 95 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты, Шәріпов к-сі, 53; 253-68-30
Алмалы	102	«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының ғимараты, Гоголь к-сі, 114; 279-34-13
Алмалы	104	«Ә.Шәріпов атындағы №16 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты, Шәріпов к-сі, 23; 239-92-60
Алмалы	105	«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының ғимараты, Гоголь к-сі, 161; 234-23-05
Алмалы	106	«№15 гимназия» КММ ғимараты, Гоголь к-сі, 133; 351-67-71
Алмалы	108	«№15 гимназия» КММ ғимараты, Гоголь к-сі, 133; 248-66-02
Алмалы	109	«Алматы сән және дизайн колледжі» МКҚК ғимараты, Райымбек д-лы, 174; 351-62-68
Алмалы	110	«Мәжит Бегалин атындағы №120 гимназиясы» КММ ғимараты, Құрманғазы к-сі, 76; 351-30-23
Алмалы	111	«Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ ғимараты, Панфилов к-сі, 127; 232-30-84
Алмалы	113	«Сұлтан-Ахмет Қожықов атындағы №39 мамандандырылған лицейі» КММ ғимараты, Төле би к-сі, 74/1; 272-11-18
Алмалы	114	«И.В.Панфилов атындағы №54 Қазақстан-Ресей мамандандырылған мектеп-лицейі» КММ ғимараты, Панфилов к-сі, 68/73; 273-63-19
Алмалы	115	«Алматы туризм және қонақ жайылық индустриялық колледжі» КММ ғимараты, Чайковский к-сі, 7; 279-31-09
Алмалы	118	«№90 мамандандырылған мектеп-лицейі» КММ ғимараты, Чайковский к-сі, 28; 233-53-54
Алмалы	120	«Энергопром Қазақ ғылыми-зерттеу жобалау институты» акционерлік қоғамының ғимараты, Абылай хан д-лы, 58 А; 351-65-26
Алмалы	121	«№90 мамандандырылған мектеп-лицейі» КММ ғимараты, Чайковский к-сі, 28; 233-53-76
Алмалы	122	«№147 гимназия» КММ ғимараты, Абылай хан д-лы, 20; 351-61-09



Бас директор –

Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:

тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –

Абдухалил ЖАЛИЛОВ

тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық

жөніндегі орынбасары –

Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

тел.: 293-04-28.

Бас редактор –

Төрехан ДАНИЯР

тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –

Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –

Серік ЖҰМАБАЕВ

тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат

бөлімінің редакторы –

Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің

редакторы –

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және

тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылық бөлімінің

редакторы –

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –

Куаныш ДЮСКАЛИЕВ

тел: 293-08-12.

e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және

тарату бөлімінің менеджері –

Әсел ТАШИБАЕВА

e-mail: dalemesh@vecher.kz

тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:

Мұрат ӘУЕЗОВ,

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,

Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Alatay Aqparat» ЖШС.

alatayaqparat@mail.ru

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –

Айнабай МӘДИ

Газет Қазақстан Республикасының

Ақпарат және қоғамдық даму

министрлігінің

Ақпарат комитетінде тіркелген.

Тіркеу туралы

№КЗ80VPY00026040

куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына

редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші

жауап береді.

Автордың мақалалары редакция

көзқарасын білдірмейді.

Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де

басылды. 050044, Алматы қаласы,

Қалдаяқов көшесі, 17.

Тел.: 273-50-53

Офсеттік басылым,

көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің

электронды нұсқасы

«AIR ASTANA»

әуе компаниясы бортндағы

жолаушыларға қолжетімді.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«ТОҒЫЗДЫҢ АЙЫ»

бітіп келеді. Қамбар жұлдызы туды, көктемде батады.
Соған дейін аймен бес рет тоғысады, алғашқысы осы айда өтеді



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТУЛЫ

Қазақ қазан айын тоғыздың айы деп атаған. Қазан – қазақ күнтізбесі бойынша жыл он екі айдың сегізінші, ал қазіргі григориан күнтізбесінің оныншы айы. Қазақ халқы шығыс күнтізбесі бойынша қазан айын «ақырап» деген. Тіліміздегі ақырап атауы араб тілінен енген. Ақырап жұлдыз (зодиак) айлары бойынша «Сарышаян шоқжұлдызының» атауы болып табылады. Бұл сарала күз өтіп, қара күздің басталған шағы. Шаруа адамы үшін ақырап айының қарбаласы көп. Қазір сол Ақырап амалы (айы) жүріп жатыр. Малшы қауым малдың қысқы азығын дайындап, қора-жайын дұрыстайды.



селен, қазан айында жиын-терін аяқталып, төрт түлік мал қонданып, берекелі кезең басталады, бұл айда алғаш рет көкті үсік шалып, шөпті бозқырау басады. Бүгін қазанның – 19-ы, ай бойынша – айдың 4-ші жаңасы, ескі есепке сүйенсек, айдың – 6-шы жұлдызы. Апта өтіп бара жатқан айдың басы мен соңғы онкүндігінге сәйкес келіп тұр. Демек, тұрақты шуақты қалып сақтап келе жатқан ауа райында айтарлықтай өзгеріс орын алмауы мүмкін... Аракідік жаңбыр болуы ғажап емес.

«Бұғының мойын жуары» амалы осы аптаның соңына қарай бой көрсетпек. Қазан айының 20–25 аралығында өтеді. Осы мезгілде бұғының түгі түсіп, мойны жуандап семіреді. «Егер бұғылар ерте үйірге түссе, қыс аяғы созылмайды...» деген болжам да бар...

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

ҚҰСТАР МЕН ЖӘНДІКТЕРДІҢ ӘРЕКЕТІНЕ ҚАРАП ЖАСАЛҒАН ЖОРАМАЛ:

***Торғайлар ұясына мамық таси бастаса, күн кенеттен қатты суытады.**

***Тышқан биікке шығып шықылдаса, ұзамай қар жауады.**

***Қыс қатты болатын жылы тиін ұясын төмен жерге, жылы болса, жоғары жасайды.**

Қыстық шөп қорын жасайды. Егіншілер егін орып, астық бастыру жұмысын аяқтайды. Ал бау-бақша дақылдары түгелдей жинастырылады. Бұны жергілікті жерлерде қазан болды деп те атайды. Жаздан күйлі шыққан мал қазан айында ет алып, әбден қонданады. Біршама шаруасын пысықтап алғаннан кейін ауыл-аймақта, ел ішінде той-томалақтар көбейеді. Жазда малдың жеуге жарамайтын шытыр тәрізді улы шөптер, қазан ұрғаннан кейін малға жұғымды азық бола бастайды.

*«Ақырапта ырысты,
Жиын-терін бітеді.
Жер-Ана алып тынысты,
Жаңа науқан күтеді.
Сұрғылт көкке біртіндеп,
Сұрқай бұлттар жетеді.
Суық түсіп бір түнде,
«Қазан ұрып» кетеді...».*
Қазан айының ерекшелігі халық аузында осылайша суреттеледі. Тіліміздегі «қазан болды», «қазан қылды», «қазан соқты»,

«қазан ұрды» тіркестері егіншілікке байланысты қолданылып, қазанның табиғат амалы екенін білдіреді. «Бақшадағы қауын-қарбыз қазан болды, қазан көктей солдырды, қураатты, құртты, жойды, қазанның қара суығы ұрып, көк біткенді үсітті», т.б. толып жатқан сөздер осы кезде айтылады.
Халық арасында әрбір айдың жанаса жүретін атаулары болады. Олар негізінен сол айда болатын табиғат құбылысын, этнографиялық ерекшелігін сипаттайды. Мә-

ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМІ

ТАЛАНТТЫ МУЗЫКАНТ

теміржол вокзалында жүк тасушы боп жүр



TikTok-та қарапайым жүк тасушы жігіттің пианинода шебер ойнап отырған бейне-жазбасы тарап, дүйім жұрттың ықыласына бөленген болатын. «Нағыз кәсіби музыканттар секілді» деп таңданысты көпшілік. Ол шынымен де музыкант екен.

Күйсандықтың құлағында ойнаған Бақтияр Исаевтың «Алматы-2» теміржол вокзалында жүкші болып істейтіні белгілі болды. Stan.kz ақпарат порталының тілшісі өнерпазбен сұхбаттасыпты. Бақтияр Исаев Алматымен іргелес жатқан Жетісу облысының перзенті екен.

«Осы теміржол вокзалының жанында қонақүй бар. Пианиноны сағынып, анда-санда

да сол жерге барып ойнайтыным бар. 3-4 жылдан бері осылай әдетке айналдырдым. Жұмысым жоқ кезде сол жерге барып күйсандықта ойнаймын. Сол жерде қонақүйге келгендер телефонға түсіріп, «О, сіз қалай күшті ойнайсыз!» деп жатады. Бір күні фортепианода ойнап отырғанымды Ирина деген орыс қыз видеоға түсіріп, соны ғаламторға салыпты. Солай желіге тарап кетті», – дейді Бақтияр Исаев.

Ол кезінде Алматыдағы Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ мамандандырылған музыка мектеп-интернатында білім алып, кейін Талдықорғандағы Жетісу мемлекеттік университетінің музыкалық факультетінде «фортепиано» мамандығы бойынша оқыған.

«Мектепте екі жыл мұғалім болдым. Ол жерде оқушыларымды көтеріп, осы Алматыға конкурсқа алып келдім. Оқушыларым бірінші, екінші орындарды алды. Бірақ айлық аз болды да, ол жұмысымнан кетіп қалдым. Музыка саласында немесе мейрамхана, кафелерде жұмыс істейін десем, еш жерде таңысым жоқ. Оркестрлерде, филармониядан жұмыс іздеп көрдім, бірақ «орын жоқ» дейді. Содан кішкене көңілім қалып қалды. Сондықтан амал жоқтан осы Алматыдағы теміржол вокзалында жүк тасып, жұмысымды бастап кеттім. Табысым көп емес, таң атқаннан кешке дейін жүремін, күнделікті 5-6 мың теңге табамын. Оған да шүкір дейсің әйтеуір», – дейді 7 музыкалық аспапты жетік меңгерген жүк тасушы жігіт.

Өлең де жазатын, сазгерлігі де бар жігіттің қазіргі арманы – отбасын құрып, бала-шағалы болу, мамандығы бойынша жақсы жұмыс табу. Өмір жолында түрлі қиындықтар болғанын жасырмайды. Қазір ішімдікті қойып, дұрыс жолға түскенін де айтып қалды.

ЖАЛҒЫЗІЛІКТІ ҚАРИЯНЫҢ ДОСЫ

Жуырда ғаламтор бетінде қоларбада отырған мүгедек қарияға ешкімді жолатпай, арсылдап жатқан иттің видео-сы тарады. Бұл жағдай Таразда болған. Қария жолдан өте бергенде қоларбасынан ауып түсіп, басын жаралап алады.

Оқиға орнына дереу жеткен Тараз қаласының ПБ патрульдік полиция инспекторлары қорғансыз қартқа көмектесекке ұмтылғанда, азулы овчарка ешкімді иесіне маңайлатпай қояды. Оқиға орнына «Жедел жәрдем» де келіп жетіп, қарияға алғашқы көмек көрсетіледі.

Жергілікті тұрғындардың айтуынша, қоларбаға таңылған жалғызілікті қария мен әлгі қамқоршы иттің бір-біріне сеп болып, күн көріп жатқанына біраз жылдың жүзі болған. Ақылды ит қарияға дүкеннен, базардан азық-түлігін алуға көмектеседі. Сосын тұмсығымен арбасын итеріп жүреді. Тараздықтар бұл көрініске үйреніп кеткен. Ал өзгелер таңданып жатырмыз. Дәрменсіз қарияға көмекке ұмтылған дәрігерлерді ит байғұс неме қиянат жасап қояды деп қауіптеніп тұрған секілді видеоға бажайлап қарасаныз.

Әлеуметтік желі қолданушылары дүйім жұрттың ризашылығын тудырған видеосын астына «Адал серік!», «Кейбір адамдардан мейірімді әрі ақылды екен», «Өте ақылды ит. Мен өзім қанша рет кезіктірдім екеуін. Ешкімге тиіскенін көрген емеспін. Зияны жоқ басқаларға. Көмектескен жандарға Алла разы болсын!», «Кино түсіруге болатын көрініс екен», «Ит те болса, адал достық қадірін біледі», «Ит ақылды екен. Осы овчар-



каны полиция қызметіне алу керек. Талай қылмысты ашуға жәрдемдесер еді» деген пікірлерін қалдырған.

Ал жергілікті халық арасында «Хатико» аталып кеткен (осындай аттас көркем фильм бар, онда иесіне адал болып өткен ит туралы баяндалады) иттің иесі Анатолий Дербенов деген жалғызілікті қария екен. Жалғыз деген аты болмаса, жанында нағыз адал досы барына әлгі видеодан кейін көз жетті.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.